

Шабарман боп жүр деді;
Төрекханың ордаға,
Шабарман боп бара көр,
Айтқан тілім ала көр,
Екі ағасы тақ жаулад
Өлтіруге барады,
Қапыда Төре қалмасын,
Құлағына сала көр.
Женгесінің бұ әсін
Қайнысы макұл алады,
Атына қамшы салады
Төбеден жұлдыз ауғанда,
Таң сімері жауғанда,
Төрекан жатқан ақ орда
Ішіне кіріп барады,
— Төрекан, құлдық, алдияр,
Елдің ханы сен деді,
Қарашаштай анаңың
Хабаршысы мен деді,
Сөзге ұлықсат бер деді,
Хан болғаның есітіп,
Егізбай мен Сегізбай
Анаңа билік бермеді,
Өлтіріп, басын алам деп,
Жаландап сұмдар өрледі,
Келіп қалар ұзамай,
Абайсыз жатпай ордада
Қамданып ханым көр,— деді.
Төсегінен Төрекан
Шошынып сонда тұрады,
Шешесі жатқан бөлмеге
Төрекан қадам ұрады.
Хабардың түрі тым жаман,
Баланың сағы сынады,
Есіткеннің баршасын
Сәулеге баян қылады.

— Сәуле, анам сен деді,
Жалғыз балаң мен деді,
Әже, ақыл бер деді,
Хабардың түрі тым жаман,
Жалғыз балаң қысылды,
Бере ме деп ойлаймын
Дүшпан залым қысымды,
Жылы жаздың ішінде
Сар аязды қыс қой бұл;
Жаратпаймын пішінін,
Әжептеуір іс қой бұл;
Хабар жалған болмаса,
Қындық басқа төніп түр,
Осындай зауал жаман іс
Жалғыз ұлың көріп түр.
Атадан қалған алтын тақ
Өлтіріп мені алам деп,
Егізбай менен Сегізбай
Жаушылықпен келіп түр.

— Темірхан атаң өлгесін,
Халқың тақты берген соң,
Ел алдыңнан өргесін,
Сен падиша болғасын,
Басыңа бақыт қонғасын,
Егізбай мен Сегізге
Халқың хабар салмаған,
Екі тума ағанды,
Мәжіліске алмаған,
Хан боларда, қарағым,
Ағана хабар бармаған,
Өкпеменен екі аған,
Тағынды сенің арлаған.
Егізбай мен Сегізбай —
Бұлар да ердің данасы,
Азғыруға халқыңнан

Арам ниет бір залым,
Айтқан шығар шамасы.
«Тұбі бірге тұтпек жок»,
«Жат болмайды — деген сөз
— Бір кісінің баласы».
Баланың корған панаы
— Ата менен анасы.
Інінің корған панаы
— Алдында өскен ағасы,
Бауырына шыдай ма
Бір кісінің баласы?
Араз болып адассан,
Дүшпанның қанар табасы.
Тұысқанға жаттық жок,
Өзің ойлап қараши.
Егіз бен Сегіз екі аған,
Көңлі сенен қалмасын.
Көңіліне қайғы алмасын,
Көзімнің ақ пен қарасы,
Тілімді алсан, шырағым,
Екі ағана сене көр,
Ағаң басшы сен косшы,
Айтқанына көнө бер,
Арланғаны тақ болса,
Өз қолыңдан бере көр,
— Ана, айтқан сөзіне,
Мақұл деп жауап берейін,
Егіzbай мен Сегіzbай,
Бірге туған екі ағам,
Сірәдә бөтен демеймін,
Елшілікпен келсе егер,
Атамнан қалған алтын тақ
Ықтиярыммен берейін.
Дүшпандықпен келсе егер,
Қорлыққа қалай қөнейін
Сауыттан тон жамылған,

Куарып беті қабынған,
Арамдық залым ниетке
Жүректері малынған,
Бес қаруын сайланған,
Алмас өткір қайралған,
Белге қылыш байланған,
Қолына жебе найза алған,
Шамырқанған, шамданған,
Қаны қайнап арланған,
Ентіктіріп тұлпарын
Егіzbай мен Сегіzbай
Екі батыр желікті.
Қан құйылып көзіне,
Тарылып алқым демікті.
Желігіп те демігіп,
Сәуленің алтын ордаға
Екеуі жетіп келіпті.
Даярлаулы каруы,
Қакпасына орданың,
Емініп жетіп барулы,
«Орда ішінде кім бар?» деп,
Жынданып айқай салулы,
Айқайлаған дауысы,
Тәрехан менен Сәуленің
Құлағына барулы.
Құлаққа дауыс жеткесін,
Тәрехан төре саналы
Терезеден қарады,
Көрді сонда жас дана
Егіз бен Сегіз ағаны.
— Ініге аға серікті,
Сәуледе асыл анамыз,
Екі балаң келіпті,
Ажар түсі тым қату,
Бұлар неге желікті?
Атасы басқа жаттай-ак.

Үйіріп қолда наизасын
Терезеге төнілті.
Тұма болса екеуі
Үйге неге келмейді?
Жасы жеткен анам деп,
Неге сәлем бермейді?
Қанша тұма болса да
Бұларға көnlіm сенбейді.
Дүшпандықпен келсе олар,
Жалғызда болса қарашын
Қорлығына көnbейді.
— Төрекан шық! — деп Егізбай,
Қақпадан айқай салып тұр,
Айқайлаған дауысы,
Құлағымды жарып тұр,
Ақылмен байқап қараса
Дүшпандығы анық-дұр.
Сонда Сәулө сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Алыстан емес жақыннан,
Жаттан емес туғаннан
Жауың, балам, табылды,
Жауың жақын болғасын,
Тартпа, балам, қарынды,
Кеудеден жаның кеткенше,
Қолдан берме арынды,
Тұысқаным інім деп,
Тұрі жоқ сені аяған,
Ол екеу де, сен жалғыз,
Сескеніп бойың, баламан,
Жасық туған ұл болсан,
Тегімнен бол садағам,
Ержүректі болмак жоқ,
Кекті жерде қарыспай,
Дүшпанмен қарсы алышпай,
Жақыннан дүшпан болғасын,

Қаса жасық болмасан,
Жалғызым қойма жанышпай.
Шешесінің бұл сөзі,
Ерге қайрат болады,
Бойына жігер толады,
Бұлығып ыза ашуға,
Теңізде асау толқындай
Жүрегі тулап соғады,
Қаһарға бала тынады,
Бой денесі қызады,
Қөзінен ұшқын шығады,
Бес қаруын асынып,
Қақпа аузында сүмдарға
Төрекан қадам ұрады,
Төрекан сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Тұысқан ағам сен дейді,
Туған інің мен дейді,
Ат үстінен, қос батыр,
Тұспегенің нең дейді,
Сәуледей асыл анаңа,
Тұсіп сәлем бер дейді.
Тіл қатпады қос батыр
Екі жақтан қамады.
Өлтірмекке ұмтылды
Төрехандай баланы,
Бірақ Төре қынаптан
Сурып қанжар алады,
Олар екеу, бұл жалғыз
Карсы келіп қалады
Көздері оттай жанады,
Тоғысып қайта келгенде,
Жақындей тағы бергенде,
Сегізбайдың санына
Төрекан қанжар салады,
Бірге туған бауыры

Өлтіруге аяды.
Қанжар тиген Сегізбай
Санын басып құлады.
Кенет батыр Төрекан
Алыса кетіп Егізбен
Астына бүктең ұрады,
Таянғанда қанжары
Алқымына Сегіздің
Арасына бұлардың,
Сәуле келіп құлады:
— Төрешім, балам, сен деді,
Сенің анаң мен деді,
Бетен емес, өз ағаң
Егізбай мен Сегізбай
Ашумен бір іс істеген,
Ағанды жықтың күшпенен.
Бұрынғыдан нақыл бар
«Тұбі бірге тұтпеген»,
Сауғаға жанын бер деді.
— Бопса қылған аға еді,
Кешірейін көнейін,
Анам тілек тіледің
Мұның бөтен демейін,
Өкпелеген ағамның
Жолына тағын берейін,
Тұысқаным, екі ағам,
Ордаға тұс те қонақ бол,
Күрмет етіп көрейін.
Ордаға кілем салдырыды,
Үстіне мақпал жайдырыды,
Алуан тағам алдырыды,
Қонақ етіп күрметпен,
Арак пенен шарапқа
Екі ағасын қандырыды,
Татулыққа той етіп,
Малды түрлеп сойдырыды,

Халықты жиып той қылды,
Келген жанның бәріне
Тағам, шарап қойдырыды
Достасқанды көрсін деп,
Караашаш тезінен
Жіберді хабар келсін деп,
Егізбай мен Сегізбай
Жалғызыды жазым етті-ау деп,
Отырған жылап еңкілдеп,
Көзінің жасы мөлтілдеп,
Шабар хабар бергесін
Куанып көнілі еркіндеп
Уш баланың достығын
Караашаш сұлу ойға алып,
Куаныш ойын толқытып,
Ақылмен тоқсан толғанып,
Сәулениң мекен ордаға
Караашаш жүрді жолданып.
Караашаш қашан келед деп,
Сәуле менен Төрекан
Жолын күтіп қарады,
Күн еңкейіп келгенде,
Мінген аты боз тұлпар,
Қамқадан асыл кигені,
Достасқан уш перзентін,
Көруге көнілі бол іңкәр
Төрекандай ұлына
Шашуға деп қондырып,
Иығына ак сұнқар,
Астындағы акбозын
Ескен желдей сулатып,
Кос танауын пырлатып,
Ел көнілін қуантып,
Саржаның жебе оғындей,
Караашаш келіп қалады.
Сәуле менен Төрекан

Алдынан күтіп алады.
Караашақа құрметпен
Бел бүгіп, қолын жаяды,
Ақбоз аттан түсіріп,
Сүйемелдең екеуі
Ордаға алып барады.
Караашаш кірер ордасын
Қілең қызға бақтырған,
Қілем жайып үстіне,
Қош іісті шаштырған,
Ордасы көркем болсын деп
Ақмақпалдан жаптырған.
Гаунардан шамдал жақтырған,
Үй ішіне келгесін,
Балаларын аман көргесін,
Төрехандай баланың
Саулығына сенгесін,
Егізбай мен Сегізбай
Төрехан мен үшеуін
Караашаш сұлу шақырды,
— Егізбай мен Сегізбай,
Қара ниет неме едің,
Ақылсыз, мисыз кем едің,
Төрехандай баланың
Қанын төгіп өлтіріп,
Тағын алам деп едің,
Қайылы мені еткенде,
Ұрып жығып кеткенде,
Екеуің де ер едің,
Төрехан жалғыз, сен екеу
Айтқаныңа жетпедің.
Ақ сүт берген ананды
Сыйлап құрмет етпедің.
Ақылсыз, мисыз, жарымсын,
Ананды сабап өктедің.
Торғыз ай, он күн көтерген,

Енбегім босқа кеткенін,
Ісіне қарап іс қылмай,
Жаулық қылған жақынды,
Төрехандай балам-ау,
Өлтірмегенің не еткенің?
Сәуле сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Айтқаның жөн, Караашаш,
Әзәзіл шайтан азғырса
Бір-біріне тума кас,
Жастықпен артын ойламас,
Толықсып тұрған толқын жас,
Адасып азған күнінде,
Араз болып кім тұрmas?
Уа, Караашаш, Караашаш,
Татулық шегін шешейік,
Атадан қалған үш жетім
Тілегін де өтейік.
Жастықпенен болған іс,
Кел күнәсін кешейік,
Күнәнді кештім, шырағым.
Үшеуің тату болғансын,
Болып та тұр міне мұрадым,
Өмір, заман өткеншे,
Татулық болсын тұрағын.
Осыменен, балаларым,
Батамды тамам қыламын.
Карааштың келген жер,
Татулыққа той етіп,
Халық қызық көрген жер,
Көп жиналған халқына,
Караашаш, Сәуле бәйбіше
Алтыннан шашу берген жер.
Жасы жеткен қариялар
Достығының ерлердің,
Шашуы деп ат алды,

Шашу елге беруге
Қысырақ бөліп маталды
Тізе бүгіп кол жайып,
Балалар елден бата алды.
Алтын кабақ атқан күн,
Ел қызыққа батқан күн,
Бірлігіне үш ердің,
Караашаш, Сәуле бас қосып,
Табақтан алтын шашқан күн,
Халық қызық көрген күн,
Тумаға тума сенген күн,
Достығына балалардың
Есепсіз шашу берген күн.
Егізбай менен Сегізбай
Тумасымен табысып,
Достасып құшақ жайысып,
Екі тума ағасы
Зияпат сыйлық алысып,
Үрзласып, қоштасып,
Екеуі қайтты аулына
Алқызыл мен Сарқызыл,
Қос тұлпармен жарысып,
Дана Сәуле қасында.
Караашаш сол күн қалады,
Ерлігіне Төренің,
Ана қеулі толады.
Шықканнан соң аулаққа,
Егізге Сегіз сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Ай, Егізбай, басшымсың,
Батыр сенің не еткенің,
Алдағанға алданып
Қалай болды кеткенің?
Серт ойлаған ағасын,
Сынық болды ерлікке,
Мақсатты тамам етпедің.

— Тұлпар міндік баптаулы,
Ұшқырлы наиза саптаулы,
Откір алмас таптаулы,
Қынапқа қылыш қаптаулы
Алдап едім, Сегізжан,
Дүшпандығым сақтаулы.
Ат басын кейін бұралық,
Ат жігіттің қанаты,
Ұрлап алып қара атын
Қос қанатын қиялық.
Жедел еткен жігітке,
Осы болар лайық.
Бұ секілді зәбірге.
Не себепті шыдалық.
Ойлаған ойға жетейік,
Бірге туған бауыры
Карындасты Ханбибі,
Ұрлап алып шіркінді,
Шын қайғылы етейік.
Көрген қорлық баршасын,
Караманға баяндал.
Іштегі сырды шешейік.
Сонда Сегіз сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Су тасады сағадан,
Ақыл өсер ағадан,
Айтқаныңың бәрі жөн,
Кара көкірек Төрені,
Тұысқа тіпті санаман.
Сенің айтқан сөзінді,
Егізбай, көнілім қалаған.
Кара ат пенен Ханбибі
Ұрлап алып екеуін,
Бүгін-ақ шығып кетейік.
Сәуленің сәнді қаладан.
Елдің шығып шетінө,

Осы ақылды ойлады,
Арамдығын коймады.
Залымдыққа тоймады.
Бір-бірі сөзін макұлдап,
Каралдарын қолдады.
Пиғылы арам залым ит
Ақырында онбады.
Тұн ортасы болғанда,
Екеуі келіп торыды
Сәуленің сәнді орданы.
Сонда Егіzbай сөйледі.
— Жеделге мін нық тұрса,
Бәтуалы ер деді,
Үәдені, Сегізім.
Берік ұстар жер деді,
Ұйықтаған ба Төрекан,
Қезінменен көр деді,
Көріп хабар бер,— деді.
Ағасының айтқанын,
Інісі қабыл алады,
Төрекан жатқан ордаға,
Ұрлана басып барады,
Терезеден көреді
Ұйқыда жатқан дананы,
Катты ұйқысын біледі,
Алып ұшып жүргі,
Егіzbайға асығып
Бүкшендеп басып жүреді,
Төрекан ұйықтап жатыр деп,
Куанады, күледі.
Қара ат пенен Ханбиі,
Ұрлап кету тілегі.
Қара атты баққан сарайға
Егіzbай бұғып барады.
Топсасынан талқандап,
Қақпа есігін шабады,

Карға жұнді Қара атты,
Екеуі ұрлап алады.
— Ей, Егіzbай ағайым,
Түрікпеннің еліне,
Жүру болды тағайын,
Алмасты қайрап алайын,
Жолда біреу тап болса,
Кім екенін білдірмей,
Шықшыттан басын қағайын.
Терезесін талқандап,
Аузы-басын танайын.
Осы арада күтіп тұр,
Ханбиі атты ханшаны
Өзім-ақ ұрлап алайын.
Ұлықсат алып ағадан,
Алмасын қайрап алады,
Ханбиі жатқан орданың
Терезеге барады.
Қызы күзеткен азамат
Сегізді көріп қалады,
Ұстауға жақын келгенде,
Қанішер залым Сегіzbай
Алмасымен шабады.
Қапыда қан бол бейшара
Қылыш тиіп құлады.
Терезені қиратып,
Ұйқыда жатқан жерінде
Бибіні ұрлап алады,
Аузы-басын таңады,
Еш дыбысын шығармай,
Бауырына алып барады,
Қызы бен атты алғасын,
Екеуінің көңілі өседі,
Залымдықпен жауыздар,
Дегенине жетеді.
Талақ салып халықты,

Елден шыккан сүркия
Егізбай мен Сегізбай
Сол тұннің-ақ ішінде,
Түрікпен жакқа кетеді.
Тұн ортасы болғанда,
Төбеден жұлдыз ауғанда,
Сегізбай шапқан күзетші
Есін жиып алады,
Ақыл тоқып көніліне,
Жан-жакқа көз салады,
Демі бітіл алқынып,
Мойнынан қан агады,
Әр бұтаға сүрініп,
Қан жылыстап шұбырып,
Төрекан жатқан ордаға
Сүйретіліп барады.
Төреканын құлағы,
Ыңырыған дауысын,
Үйқыда жатып шалады,
Үйқысынан оянып,
Көтеріп басын алады,
Аласұрған шыбын жан,
Үсті-басы қызыл хан,
Аққан судай жылыстап,
Қойынына құйылған,
Күзетші сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Халықтың ханы, Төрекан,
Басыма қорлық жетті ғой,
Асылы жаман арам ит,
Егізбай мен Сегізбай,
Түп-түбіме жетті ғой.
Карауылда тұрғанда
Иықтан шауып кесті ғой.
Сарайға барсам Кара ат жок,
Атыңды алып кетті ғой,

Арам жедел құған ит,
Ел батасын бұзған ит,
Ақылсыз, құдай үрған ит,
Асылы жақсы атадан,
Азғын болып туған ит.
Уағдадан тайып, ант үрып,
Абройын текті ғой,
Төрекан сонда шамданып,
Ашуланып сандалып.
Кара ат тұрған сарайға
Жүгіріп барды қамданып,
Аңсызда іс өтіпті.
Адалдықта көнілі жок,
Арамнан еткен кесіпті
Егізбай мен Сегізбай
Максатына ойлаған
Зұлымдықпен жетіпті,
Талқан қылып есігін
Кара атты алып кетіпті.
Орала беріп Төрекан,
Ханбиі жатқан сарайдын
Терезесін кираған
Көзі көріп қалады.
Алыш ұшып жүргегі,
Жүгіріп шапшаң барады,
Бірге туған Бибідей
Карындасы тағы жок,
Қайғымен Төре жанады.
Тұла-бойы тітіреп,
Алғыр бүркіт секілді,
Карыс түсіп қабағы
Жынданған пілдей шамданып,
Сәуле менен Карапаш
Анаға жетіп барады,
Бара сауал салады:
— Карапаш, Сәуле анам-ай,

Еріз бен Серіз балан-ай,
Істеген ісі жаман-ай,
Корлығы еске түскенде,
Ішім оттай жанады-ай,
Екеуі ұрлап кетіпті,
Атамнан қалған Қара ат пен
Ханбідей баланы-ай.
Миығыма мұз тоңып,
Бұрылмастай күн болды,
Қапа қалын қар жауып,
Қайырылмастай күн болды,
Жарқыраған жарық күн,
Караңғы түнек түн болды,
Қайғырамын қапамен
Ер басыма сын болды,
Хан басыма мін болды,
Көңіліме дақ түсіп,
Көкірегім кір болды,
Арт жағыма қарасам
Өткел бермес терең жар,
Асырмас алдым қыр болды.
Қара орманым, жиғаным
Ақырында тұл болды.
Каптан биік Қаратай
Үстіме менің құлады.
Жан сүйегім сықырлап
Кабырғам күйреп сынады,
Ашу қысқан көңілім,
Қайда барсам тынады?
Екі сұмның азабы
Жас кеудемді сұғады.
Бірге туған бауырым,
Бауырым еске түскенде
Қайғының көрем ауырын.
Иесіз қалар, екі анам,
Алтын орда ауылым.

Жауда кеткен секілді
Үйрек жұнді оттасым,
Қарға жұнді қаттасым,
Серпіл қаққан қанатым,
Ханбідей бауырым,
Осы айтқаным анық-ты.
Тума қорлық бергесін,
Ашумен Төрең зарықты.
Ханбібі мен Қара атты
Екі ағам ұрлап алыпты.
Бауырым жауға жіберіп,
Көрмен сәуле-жарықты,
Ұлықсат бер іздеймін
Естісім халқым даңқты.
Әркімге де бақ керек,
Патшаларға тақ керек,
Ақ сүт берген екі анам,
Төреханға ат керек.
Сонда Сәуле сөйледі,
Сәйлегенде бүй деді:
— Саспа, балам Төрехан,
Енші атың арнаулы,
Көрінбей жанға бағылар,
Қайғы шекпе, жалғызым,
Мінуге тұлпар табылар.
Өзің аман қалғасын,
Жат-жұрттыққа жаралған
Жауға кеткен бір қызды
Кумай-ақ қойсаң не ғылар?
Ақыл салсан анаңа,
Еш қайғырма, құлымынам,
Қарға жұнді Қара ат пен
Ханбідей балаға
Өзің аман қалғасын,
Қара ат пенен Ханбібі,
Төрехан, сенен садаға!

— Сұрама, анам, тіл алман,
Енді мұнда тұра алман,
Жақсылық пенен жамандық,
Жазған шығар бір аллам,
Қаһарлансам жау қалмас
Белімдегі күралдан,
Етегін түріп жау қашар
Балаң салған ұраннан,
Сыр алдырып дұшпанға
Сірә да, шешем, сыналман.
Ханбібіні алып қайтармын,
Жасанған жау күралдан,
Қайтпаймын алған бетімнен,
Тіл алман, анам, тіл алман?
Екі анасы қасында,
Атты баққан сарайға,
Батыр төре келіпті.
Ардақтап баққан тұлпарды
Өз көзімен көріпті.
Төнкерілген сауыры,
Келбетті құла келісті,
Денесінің бәрі тен
Кабыртқасы шенберлі,
Жоны тұтас тегісті,
Жалтаңдатып бастырған,
Арпа менен сүт беріп,
Бағып Сәуле мас қылған,
Уайымсыз тұлпарды
Жақсы баққан шат қылған,
Торқадан жабу жаптырған,
Шылбырына құланың,
Жібектен есіп тақтырған,
Кос құлағын тігілткен,
Ортекедей ойнатып,
Құланың көнілі өссін деп,
Еш адамға көрсетпей,

Онашада жүгірткен,
Кем баклаған анасы,
Карға жұнді Қара аттан,
Керек болса, мінсін деп
Бабыменен жаратқан,
Жез таракпен таратқан,
Жалы жұмсақ болсын деп,
Көтөндігі шығынқы
Келбеті артық әр аттан,
Кос жұдырық сыйғандай
Үңірейген сағақтан,
Жал, құйрығы салынған.
Азырақ аттын еті ауыр
Жоны майға малынған,
Ардақтап жаксы бағылған,
Төрехан ердің бағына,
Кұлықтан құла табылған,
Асығып тұр Төрехан,
Құла атка мініп алуға,
Тезірек жауға шабуға.
Ізгі қолын беруге,
Капаста жатқан бауырға.
Құлашаның басына
Алтын жүген салады.
Ширата күміс құйыскан
Нақышты ерге тағады.
Тұғіне жұмсақ тисін деп,
Мақпал токым салады,
Ертеп алып, саймандап,
Атын сынап карады.
Тұрманы атқа жарасқан,
Батырға тұлпар жағады,
Аттын көзін жайнатып,
Ауыздығын шайнатып,
Күйрығыменен ойнатып,
Олай-былай сыдыртып,

Ортекедей жүгіртіп,
Құлын сауыр, құлан жал
Ерекше белін бүгілтіп;
Атты баптап алышты.
Көнілінде қалмай уайым,
Қуанғаны ердің анықты.
Ұлықсат бер анам деп,
Карашаш пен Сәулеге
Баласы тілек салыпты:
— Анаңың тілін алышыз,
Астыңа Құла ат мінгесін,
Кетпес жауға арыныз,
Хабарсыз жатқан халқыңа,
Бүгін хабар салыныз,
Ханға лайық сол болар —
Әскер жиып алышыз,
Құралданып қол жиып,
Салтанатпен барыныз,
Ақылменен ойласам,
Осы болар сәнініз!
Анасының бұл сөзін
Төрехан мақұл көреді
Жиылсын деп азамат
Халқына әмір береді:
Елімнің батыр ұлдары
Алмас қару қайрасын.
Атқа мінген азамат
Біреуі кейін қалмасын,
Жеделге мінсін байтақ ел,
Ат жүйрігін таңдастын.
Елге әмір салыпты,
Ерлерін жиып алышты.
Каруланып келді ерлер
Атағы шыққан даңкты.
Карашаш сонда сөйлейді:
— Қайырлы болсын, шырағым,

Жинаған батыр жолдастың,
Нағашыңың ескі аруақ
Қысылған күнде қолдастың,
Қастық қылған дүшпаның
Бұ дүниеде оңбасың,
Аруағы бабаңың
Енсene келіп орнасың.
Дүшпандық қанша қылса да,
Асылы бірге түрікпен,
Қараманың талқандап
Бұза көрме ордастын.
Жабдықтап ерлер ат мінді,
Ат құйрығын шарт түйді,
Жарқылдан күнге найзасы,
Сапар шекті, жол жүрді,
Тыным алмай күндіз-түн,
Азғана емес мол жүрді,
Төрехан батыр алдында,
Артында қалың қол жүрді,
Түстік жерге соң жүрді,
Күндіз жарыс, аударыс,
Түнде айтыс, өлең жыр,
Көңілі шат бол жүрді;
Қол алдында Төрехан
Атын сынап алуға
Санға қамшы басады,
«Шу» дегенде жануар,
Арандай аузын ашады,
Әрі-бері шапқан соң,
Ақ көбігін шашады.
Белес-белес қырқадан,
Соққан желдей аңқылдан,
Жануар құла асады.
Төрт аяқты андарды,
Тура келіп кеткенің,
Түяғымен басады.

Сапардын жүрген орнына,
Тұяқпен қағып жөнелді,
Аң кездессе жолына
Шанын шанға қосулы;
Киік пенен құланның,
Алдынан орап тосулы;
Жүрген жері жол болып,
Казылып ордай осулы;
Бір құлағы тігіліп,
Бір құлағы жығылып,
Ақ маралдай бүгіліп,
Сауырынан ақкан тер,
Құндыздыктан құйылып,
Тебінгісі терлейді,
Шапқан сайын өрлейді,
Құлашын жайып сермейді.
Қатар ұшқан каз бен қу
Қапталына ермейді.
Шыны қызып жануар
Сай-саланы көрмейді.
Кекіл қағып шұлғыды.
Орғып жануар құлаша,
Оқ жыландай ырғыды,
Жал құйрығын жел соғып,
Жұлдыздай акқан сырғыды,
Бір жабынды астынан
Былаң етіп жөнеді.
Астындағы тұлпарды,
Жетпеймін бе бұған деп,
Соғарына тұлкіні.
Сол бойымен Төрехан
Бір төбеге жеткенде,
Қырық қыз нөкер қасында,
Қараман қызы Ақмаржан.
Карсы шыға келеді.
Ат сабылтып далада,

Тұлкі қуған жолшыны,
Ақмаржандар көреді.
Көреді де бір қызға,
Шақыр деп ана жолшыны,
Ханша әмір береді.
Алып келді нөкер қызы,
Ханның қызы ханшаға
Тақ иесі Төрени,
Сонда Маржан сөйлейді,
Сөйлегенде бүй деді:
— Жолаушысын жас түлек,
Сияғына көз салсам
Нәсілді тұқым ақ сүйек,
Батыр саған кездестім,
Тілеймін сенен бір тілек:
Көріселік жас жігіт,
Ұсынып тұрмын ақ білек.
Намыс буған Төрехан,
Сөзін қабыл көрмеді,
Жалынып тұрған Маржанға
Ұсынып қолын бермеді.
Айласы артық Маржан қызы,
Толғанып сонда сөйледі:
— Бел, бел асқан, бел асқан,
Беліне садақ жарасқан,
Астында тұлпар Құла ат,
Тұн қатырып жаратқан,
Аруағың аспанда
Бұлттарменен таласқан,
Жалғыз атты жолаушы,
Жөнінді айтшы кім едін,
Ел-жұртынан адасқан?
Артық туған Төрехан
Сауалын қабыл көрмеді,
Қызға жауап бермеді,
Ханның қызы ханшаға

Пансынып көніл бөлмеді.
Сонда Маржан сөйлейді:
— Айтпасаң да білемін,
Асылың — төре, сүйегін
Менің жездем Темірхан,
Сен сонан туған жиенім,
Қараашаш пenen Сәуленің,
Бөтен демен тілегін,
Ханбірге келер деп,
Қасыма ертіп қырық қыз,
Алдыңнан күтіп жүр едім.
Қайырлы болсын жол деді,
Сапарың болсын он деді,
Жемісті ағаш ішінде
Алтыннан тіккен шатыр бар,
Сонда қонақ бол,— деді.
Төрехан сонда сөйлейді:
— Е, Ақмаржан, Ақмаржан,
Айта берме сөзінді,
Сөз сұрайтын кезімді
Алдаймын деп амалмен
Сала берме ебінді.
Үстай келдім екі ұры,
Егіз бенен Сегізді.
Талқандай келдім төрінді,
Карамандай ханыңа
Бере келдім зәбірді,
Көрсетпей қайтпан көрімді.
Төреханның бүл сөзін
Тыңданың да сеніңіз,
Карамандай әкеңе,
Ауыр колмен Төрехан
Келді деп хабар беріңіз,
Болсын осы тау басы —
Тоғысатын жеріміз.
Караман болса тенденсім,

Егізбай мен Сегізді
Корыққаннан бермесін,
Бермес болса ерлерді,
Осы таудың басында
Әскерін жиып кездессін.
Батыр болса, шамданар,
Әскерін жиып қамданар,
Жиенің қолдан беруге
Хан Қараман арланар,
Арланың да шамдансын,
Соғысқа ертең қамдансын,
Ерлерін жиып қармансын.
Егер хабар бермесем,
Қапы да ісім өтті дер,
Аңсыз жатқан күнімде,
Елімді әлек етті дер,
Үрланып шауып кетті дер!
Ханың Маржан шырағы,
Төреден сағы сынады,
Караманың ордаға
Атының басын бұрады.
Қырық жолдас қасында,
Әкесінің алдында
Қол қусырып тұрады.
Ажары кеткен ақ жұздің
«Неге түсін қашты?» — деп
Қызынан хан сұрады:
— Ардақты қызым, базарым,
Неге кетті ажарың,
Есіттің бе, шырағым,
Бір жамандық хабарын,
Сайранға шығып жүргенде,
Біреу зәбір көрсетіп,
Сынды ма сонан назарың?
— Кайғырып, әке, келгенім,
Қаһарлы дұшпан көргенім,

Айдаһардай ыскырған,
Айбатты көріп шерлі едім,
Қарыспа туған пан көрдім,
Темірхан ұлы Төрекан
Ашуы катты хан көрдім,
Қылышынан қан тамған,
Найзасынан зэр тамған,
Егіз, Сегіз, Ханбібі,
Карасын іздеп ел торыған
Жас арыстан жан көрдім.
Қаһарлы қабак түйгені,
Астына Құла мінгені,
Болат сауыт кигені,
Бес қару түгел ілгені,
Жеріне басып кіргені,
Колыннан жоғын бермесен
Ордана анық тимегі,
Тусам да нашар анадан
Сөзіме, әкем, көн деді.
Айтқаныма көнбесен
Әлек болар ел деді.
Халық аман, бас сауға
Егіз, Сегіз, Бибіні
Өз қолыннан бер деді.
Айтқаныма сенбесен,
Өз қолыннан бермесен,
Негылғанын Төренің,
Ертеңгі күн көр деді.
Қараман сонда сөйлейді:
— Ел шегесі хан болар,
Қаһарланса әкеңнің
Жауға алды тар болар.
Ажал, құған Төрекан
Тиіп көрсін осыдан,
Кеңшілікке зар болар;
Корғалап келген жиенді

Колдан бермек ар болар,
Ел басшысы әкене
Жаппар ие жар болар.
Келді деп жаушы саспаймын,
Конағымды сақтаймын,
Ат жүйрігін баптаймын,
Жасағымды саптаймын,
Көк сұңгіме ту байлад,
Жалғыз атты жолшыдан,
Қара бет бол қашпаймын.
Нөсердің қара бұлтындай
Тұнеріп келіп төбеден,
Табанға салып таптаймын.
Әлімтігін қаңғының,
Түрікпендері көп төбет
Алдына сүйреп тастаймын.
Ашу буған Қараман,
Жылғын деп алаңға,
Еліне әмір таратты,
Ханның берген әмірі
Ілеңде елге тарапты,
Намаздігер болғанда,
Жылған ел-жұртына
Қараман сонда сөйлейді.
Сайлаулы қару-жарагы,
Әскерлерін санады,
Көп жасақтың ішінен,
Тандап жүріп Қараман,
Алты жүзін алады.
Қараман сонда сөйлейді
Топталып тұрған сабына:
— Да ержүрек ұландар,
Құлак сал менің жарыма!
Жеделденіп жауға ти,
Түсіріндер Төрені
Әлімнің курсау торына!

Каңғырып жүрген жалғызың,
Салыңдар сауал жанына,
Ашықкан иттер тойынсын
Еті менен қанына!
Хан әмірін екі етпей,
Халықка міндеп тіл алмақ,
Жиылды әскер құралды ап.
Әлеһаллап¹ ұрандаң,
Ертенгі күн сәскеде
Ерлердің шебі сыналмақ.

* * *

Ертең сәске болғанда,
Караман, Төре қолдары
Бір-біріне қаптады.
Астарында аттары,
Ауыздығы қаршылдаң,
Дүбірінен жер қалтылдаң,
Құтырып, орғып аттады.
Құс бол ұшты аспанға,
Тұяғы тиген тастары,
Ерегіскен екі жақ,
Өңмеңнен көз қадасып,
Кірпіктерін қакпады
Жақындаң қарсы келісті.
Сұнгісін дәлдең дүшпанға,
Ұмтылып атын тебісті.
Бір-біріне төністі.
Көп алдына Төрекан
Тұнеріп нөсер бұлтындей,
Құладан тұлпар мінген ер,
Бес кабат сауыт киген ер,
Жаландатып найзасын

Ойнатып көкке шүйген ер,
Қараманың қол басы,
Жаны шығар бірге жолдасы,
Күш қайраттың қордасы,
Қаһарбекке қадалып,
Қабағын қарыс түйген ер.
Ағызған бойы Төрекан
Әскерін бастап дүшпанға
Арыстандай тиісті.
Қараманың інісі,
Қаһарбек батыр сүйікті
Бұл жау емес бұрын да,
Талай жауға тиіпті.
Тисе жауын ойрандаң,
Салыпты талай бұлікті.
Бүгін де сондай жынданып,
Сар тұлпарын мініпті,
Ерге басып тәстігін,
Күдісті белін бүгіпті.
Төрекандай балаға
Жыландаі көзін тігіпті.
Төрекан мен Қаһарбек,
Ағызған бойы аттарын
Карсы келіп қалысты,
Қаһарланған Қаһарбек,
Жүргегіне Төренің
Сұнгісін салып қалыпты.
Жау найзасын дарытпай,
Сұнгімен Төре қағыпты.
Бірін-бірі ала алмай,
Ағып өте барыпты.
Араласты, қолдасты,
Қаптаған қалың қол енді
Айласы көп өнерлі,
Екі жақ та айқасып,
Қызып ала жөнелді.

¹ Түркменнің жауынгерлік ұраны.

Екі жақта екшелген,
Жаудан қайтпас беренді.
Ат үстінде алысты,
Карсы келсе, қаскарып,
Семсерімен шабысты,
Ат бөкссесін жалт берсе,
Көк сұнгімен шанышты.
«Алдырман өлмей жауға!» — деп
Сарбаздар таймай қарысты.
Кос қаһарман кез келсе,
Семсерлерін жанысты.
Сынғанда қылыш, найзасы,
Ат үстінен алысты.
Бір-біріне жабысты,
Білегі күшті балуандар,
Тақымы босты аударып,
Ат үстінен алыпты.
Реті келсе атынан
Жерге түсे қалыпты,
Бірін-бірі шалыпты.
Алып-ұрып кос бүктеп,
Шалқасынан салыпты.
Қаһарлы мықты береннен,
Талай жасық талыпты.
Құн төбеге жеткенде,
Екеуі қарсы келгені,
Бірін-бірі көргеннен
Қаһар мен Төре кос пері
Найзаласа бергені.
Алдырмаста айласы,
Бір-бірі күшін бермеді.
Жекпе-жегі екі ердін.
Күшайді де өрледі,
Екеуі де айлакер,
Алар жерін селдеді.
Үйіріп алып шоқпaryн,

Бірін-бірі үрады.
Ұрғанға шоқпар шыдамай,
Сағағынан сынады.
Ердің мықты болмағы
Басқа қонған бағынан.
Қаһарлы ер еді күші аскан
Түрікпеннің табынан,
Сабақтан шоқпар сынғасын
Айбалтаға қол салды,
Екі ер де қажыған,
Шабысқанда құлаштап,
Балта да шіркін шыдамай,
Сынып түсті сабынан.
Шегінісп тұрады,
Қорамсақта жебеге,
Екеуі қолын сұғады,
Жасы үлкен Қаһарбек
Кезек бер дәп сұрады,
Төрекан сонда сөйледі:
— Түрікпеннің ері едің,
Атағын шыққан сен едің
Күшіңе сенген Қаһарбек
Талайды сойып жеп едің.
Еліңе келген қонақ ем,
Қорыққаннан, сасқаннан,
Сұраған кезек нең едің?
Көмусіз қалам мен өлсем
Сыйлар сені өз елің,
Анадан туған нашар ит,
Қаймықпаймын оғыннан
Жолсыз да болса көнемін.
Қасқайып қарсы тұрайын,
Капы қалмай дәлдеп ат,
Қоян жүрек қорқақ ит,
Кезегінді беремін.
Қаһарбек сонда долданды,

Төрехандай төрөні
Атамын деп ондалды,
Тастан өткен жебесін
Толғап-толғап қолға алды.
Саржаға орын кереді,
Козы жауырын көктеме оқ.
Ұзындығы кез еді.
Толғап тартып жебесін
Ататұғын кезі еді,
«Алтын ердің қасы деп,
Қақ жүректің басы деп,
Ажал оқтың тұсы деп,
Өлер жерін осы деп»,—
Толғап тартып қалады.
Үзенгіге тіреліп,
Шіренгенде табаны,
Бес кабат берік сауыттын,
Төртеуін жебе жарады.
Бесіншіге жеткенде
Оғы токтап қалады.
Оқтан есен қалғасын,
«Оғынан аман қалдым»,— деп,
Толықсып жүзі Төрехан,
Саржаға жебе салады.
Тарса түйіп қабағын
Шірене тартып қалады,
Қаһарбек атты қаһарман
Оқ қадалып жүректен,
Сар тұлпардың белінен
Төңкеріліп барады,
«Апа!» — деп құлап табанда,
Топыракты қабады.
Күн төбеден ауғанда,
Әскерге жетті Караман,
Астына мінген тұлпардың
Жал құйрығын тараған,

Устіне киген ақ сауыт
Көп сауыттан қалаған,
Тұяғынан атының
Тозаң көкке бораған,
Айқайлап кірді соғысқа,
Карт бурадай жараган.
— Сарбаздарым, жолдас деп,
Жау жаққа маған жолды аш деп,
Мен тиіссем бәлемге,
Қаңғырған Төре онбас деп,
Қаһарбекім өлгесін
Кимылдамай болмас деп,
Төрениң қанын сімірмей,
Қаһарбек орны толмас деп,
Бас бол өзі Караман
Кыздырды қырғын соғысты
Екі жақтың әскері
Жігермен қайта тоғысты.
Найзаменен шанышып,
Қылышпенен қағысып,
Шокпарменен соғысты.
Караман ханды көргесін,
«Әләһалап» ақырып,
Айқайлап ұран шақырып,
Тұрікпендер өрледі,
Төрениң қолын жапырып,
Бұршақтай жауып түйдектеп
Ку жебелер атылып,
Шуылдасты түрікпен
Аруағын асырып,
Төрениң қолын қарқынмен
Белден-белге қашырып,
Төрехан қолы сасады.
Сасқан емей немене,
Бытырап кейін қашады.
Бере алмай төтеп дүшпанға

Бір-біріне жабысты,
Белдерінен алысты.
Кайраты басым жас батыр
Қарамандай патшаны
Ерінен жұлып алыпты.
Алғанмен қоймай Қараны
Тақымына салыпты.
Кысып, қысып қойғанда,
Мұрнынан қан ағыпты.
Қараман сонда зарлады:
— Мен Қараман батыр текті едім,
Апырм-ай менің неткенім.
Өзімнен кіші баланың,
Тақымында кеткенім,
Уа, дариға дүние-ай,
Арманда болып өткенім.
Амалым бар ма сүм жалған,
Дегеніме жетпедім.
Қараманды Төрекан
Бөктеріп атқа алады,
Шынжырменен шыңғыртып
Берік етіп таңады,
Құнан қойдай бөктеріп
Алып кетіп барады.
Қалың қолды қасқайтып,
Жарып кетіп барады.
Қылышынан қан жосып,
Жау қолына ойранды
Салып кетіп барады.
Өзінің де Төренің
Самайынан қан жосып
Ағып кетіп барады.
Құн бесінге жеткенде,
Жау тозғындал тарады,
Дүшпан қолы қашты енді
Бетіне алып қаланы.

Жеткендерін шабақтап,
Төреханның көп батыр
Күшп кетіп барады.
Сол кеткеннен қалаға,
Кіреді Төре жарағы.
Соғысқан жауын қашырып,
Жарқылдатып қаруды,
Қалаға кіріп баруды.
Кол құсырып алдынан
Халқы күтіп алулы,
Төремен бітім жасауға,
Хан ханшасы Маржан қыз
Халқына хабар салулы,
Төреге өзі келулі,
Кол құсырып, жиен, деп,
Көтеріп аттан алулы,
Қызметі ханшаның,
Төреханга жағулы,
Маржан қыз сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Жаулық қылды, Төрехан
Егіз бен Сегіз өзіңе,
Құлақ салып тыңдаңыз
Маржан қыздың сөзіне,
Жау шыдамас батырсың
Садағыңын кезіне,
Жаман туған Егіздің
Кесірі тиді еліме.
Конағымды бермен деп,
Өлім жетті еріме,
Қызмет етіп қарайын,
Конақ бол Төре төріме,
Тілегім бар тілейтін,
Беремісің өзіме
Ойлаған батыр қаралды,
Егіzbай мен Сегізбай

Каракөніл арамды,
Кесірі тиіл солардың
Мал мен басым таланды.
Қаһарын күшті жиенсің,
Халқыма бер сауғаны.
Өтінемін, Төрехан,
Канжығана бөктерген,
Капастан құтқар бабамды.
Төрехан сонда сөйледі:
— Нагашы, айтқан сөзінді.
Енді бөтен демейін,
Айтқаныңа көнейін,
Тілегінді берейін.
Ашу кернеп келгенде,
Ақыл болмас адамда,
Жеделденсе кімде-кім,
Берік тұрар қаралда,
Бермен қарап жүрерде,
Белге кару ілерде,
Караманды сакта деп,
Өтінішін көп айтқан
Караашштай анам да.
Өтінішін актайын,
Караманды сақтайын,
Караашаш үшін, сен үшін
Алжыған атан Карапы,
Атпайын да шаппайын,
Маған Маржан жалындың
Күнәсін кешіп атаның,
Жалынғанға бағындым,
Кеткенине көп болды,
Ханбибімді сағындым.
Қызмет етер жерініз,
Бауыр тәтті-ау жалғанда
Бұл сөзіме сеніңіз.
Сағынғаннан аңсаймын,

Осы түннің ішінде
Бибімді тауып беріңіз.
Ал, Амқаржан, басшы бол
Сенімен бірге ерейін.
Сағынып келдім алыстан
Шырағымды көрейін.
Артымнаң ерген жалғасым
Ақ бетінен өбейін,
Сағынғаннан сарғайған
Іштен шерді төгейін.
— Апар мені,— деп еді.
Төрекандай батырды
Карындасты Бибіге
Маржан бастап келеді.
Жиылып тұрған көп халық,
Жолын аша береді,
Төрекан келді деген сөз,
Бибіге жетіп, о дағы,
Кекесін күткен жер еді.
Бұрын барам дегенде,
Софыста жазым болар деп,
Жібермеген нәкері,
Қырық қызы жолдас қасында,
Төреканды көргесін,
Құшак жая береді.
Карындастын Төрекан
Ақ бетінен өбеді.
Жүрген бала тарығып,
Кайғы шермен қамығып,
Жүргі тулас қабынып,
Жан кекешін көргесін
Шыдап тұрсын нағылып.
Куанғаннан жылайды,
Көзінің жасын бұлайды,
Мауқын басып болғасын,
Сәуле менен Қарааш,

Аналарын сұрайды.
— Сағынғаннан Бибісін
Екі анаң тарыққан
Көреміз деп қай күні
Үйқысы қашып зарыққан.
Көнілі түсіп жабыққан.
Кеткеніме көп болды
Туып өскен халықтан,
Ана мен ел аман-сау,
Сәлем жолдап жатқан-ды.
Ханбибім, саған алыстан.
Амандық сұрап болыстық,
Көп тұрмайық бекерге,
Егізбай мен Сегізбай
Екі сүмның қорлығы
Көкіректен кетер ме?
Ұлықсат бер барайын,
Екі жарым, есерге.
Бауырым, енді барамын,
Сұмдардың басын кесерге.
Мені әлек еткенде
Кара ат пенен өзінді
Ұрлап алып кеткенде,
Төрекан жалғыз, мен екеу,
Кегімді алам деп еді,
Кара ниет залымның
Туғанға бар ма керегі?
Мен жалғыз да ол екеу.
Шайқасып бір көрейін,
Ит сазасын берейін.
Ұлықсат бер, бауырым,
Есіп қанын төгейін.
Жаман туған жақыннан
Атасы басқа жат артық
Жанын алып келейін.
Ханбибі сонда сөйледі,

Сөйлегенде бүй деді:

— Айтамын арыз, жан көке,
Бір іс қапыл өткенді,
Арадағы сөзге азып,
Екі ағаң әлек еткен-ді,
Жасы үлкеннің хақы бар
Олардың сөзі өктемді.
Мен үшін таста, хан көке,
Тұсына өкпенді.
Төрехан сонда сөйледі:

— Көрген қорлық көп еді,
Көрмеген қорлық жоқ еді,
Корлығынан иттердің,
Ішім жалын шоқ еді,
Екеуіне керегі
Саржаның улы оғы еді.
Берер ем сүмның сазайын.
Сен үшін кештім күнәсін,
Сонда да бірақ барайын,
Іздеп тауып алайын,
Есіне түссін екінші
Кетпес таңба салайын
Ұлықсат сұрап алады,
Екеуі жатқан жеріне
Салдырып жетіп барады.

«Төрехан келіп қалды» деп,
Жанашыр бір құрбысы,
Егізге хабар салады.
Екі «батыр» сасады,
Жүректері дұрсілдеп,
Уәлеп аузын ашады,
Адырайып көздері
Құттары әбден қашады.
Алқызыл мен Сарқызыл
Мініп ала асады.

Қашқанын көріп Төрехан
Құлаға қамшы басады.
Төрехан жетіп келіпті.
Еңсесіне Егіздің
Желекті наиза төніпті.
Корықканнан Егізбай
Өкіріп жылай беріпті.
Тәнген наиза еңседен
Қылт-қылт етіп тұрады.

Жалғанышда жан тәтті,
Өкіріп Егіз жылады,
Қарсыласар күні жоқ,
Шығатұғын үні жоқ.
Қол-аяғы құрысып,
Ат үстінен бүрісіп,
Ерден ауып жылдысып,
Егізбай жерге құлады,
Көзін тастай жұмады.

Койнына басын тығады,
«Жан сауға, көке, жан сауға»
Деген үні күрмеліп,
Азар-азар шығады.
Көрген халық күлсін деп,
Есіне түсіп жүрсін деп.
Төрехандай батырың
Аттан түсе қалыпты,
Егізбайдай жарымның
Құлағын кесіп алыпты.

Бұл уақытта Сегіздің
Жүрегі әбден сығылған,
Төрехан көріп қалар деп,
Бір жыраға тығылған.
Қос өкпесі дұрсілдеп

Бағы тайған тұғырдан.
— Біраз мезгіл өтті-ау деп,
Кідіріп мұнда жатқанда,
Бір қоян қашып кеті-ау деп.
Жан ұшырған бейшара,
Қоян қасқа епті-ау деп,
Түрікпенниң жерінде,
Жыра мен шұқыр көпті-ау деп,
Қай шұқырдың тасасын
Сорлы кеуек етті-ау деп,
Жағалап жүріп қарады,
Бір қазынды шұқырда,
Сегізбайдай ағаның
Үстінен шығып қалады.
Ентігіп жатыр күрсілдеп,
Жүргі соғып дүрсілдеп,
Кеуектегі қояндай
Мойның тығып бұлқілдеп,
Куарыпты ажары,
Кездесе кетті сол жерде
Екеуінің назары.

Алмас қылыш қолға алып
Қасына жетіп келіпті,
Үстіне келіп тәніпті,
Ұшып тұрып Сегіzbай,
Кол қусырып тұра кеп
Төреге сәлем беріпті.

Бауырым деп жылады.
Кол қусырып тұрады.
Жан сауғалап қалшылда,
«Күнәмді кеш» деп сұрады.
— Азғырумен азғанмын,
Ақылым жоқ жазғанмын,
Саған қастық қылам деп,

Ханбибі мен Кара атты
Орданнан ұрлап алғанмын.
Бұлік қылдым мен дейді,
Не етсенде, бауырым,
Істегенің жөн дейді,
Күнәмді кешіп, Төрешім,
Бір шыбындай жанымды
Жан сауғаға бер,— дейді.

— Іс қылдыңдар бекерге,
Екеуінің қорлығың
Өмірде естен кетер ме,
Карааш, Бибі көңлі үшін,
Амалсыздан күнәнді,
Кештім залым есер,— деп
Ер Төрехан екеуін,
Аттарына мінгізді,
Катарға алып жүргізді,
Жиналған көп халыққа
Данаалығын білгізді.

Тамашаға таңданып,
Жылған халық көп еді,
Ханбибідей балаға
Екеуін алып келеді,
Үсті-басы қызыл қан
Егізбайды сол кезде
Ханбибі бала көреді.

Ханбибінің Төреге
Сондағы айтқан сөзі еді:
— Өтініп едім мен дейді,
Өтінішін бердім деп,
Айтқан едің сен дейді,
Құлак бастың сәні еді,
Құлағын кескен нең? дейді,

Күлкісі болар Егізбай
Ертеңгі күн халықтың,
Бастың құлақ ажары ед
Құлағын кесіп алғысың,
Басына қайғы салыпсын.

Сонда Егізбай сейледі:
— Өкпелеме Төреге,
Ханбиі қалқам, сен дейді,
Әуелінде бүлікті
Бастаған ағаң мен дейді,
Ісім бұзық болғасын,
Төрештікі жөн дейді.

Тілегенде тілек бермедім
Ақ сүт берген анама,
Әлімді жер кездесті,
Шыбын жанымды алғын тек,
Төреханнан қала да.
«Бұрынғыдан нақыл бар,
Атқа келген бәледен
Айыл-тұрман садаға,
Басқа келген бәледен,
Бастан құлақ садаға».
Сүйтіп жатқан жерінде
Хан хабаршы салады:

— Жиенім қонақ болсын деп,
Ордама халық толсын деп,
Бүгін, ертең Төрехан,
Ерлерімен қонсын деп,
Шақырып өзі алады,
Даярлаулы тағамы,
Қүюлы арак-шарабы,
Тартулы алуан табағы,
Ортасында орданың

Мейізбенен ашытқан
Қымызбенен қойды сабаны,
Мақпал көрпе жабады,
Гауһар шамдал жағады,
Конақтармен кулісіп,
Мамырлаған акқудай
Маржан қыз жүр көлбендеп,
Касында қырық жараны,
Әзілдесіп қыздармен,
Нағашыға ырза бол,
Төрехан отыр жоғары.


Егізбай жүр құнтиып,
Құлақсыз басы сымпиып,
Төрехандай ініге
О да ырза болады.
Сол шаттықты думанмен,
Түрікпенге Төрехан
Екі күн бойы қонады.

Үшінші күн болғанда,
Қараманмен достасып,
Құшақтасып қоштасып,
Апаларын көрсін деп,
Көріп сәлем берсін деп,
Маржан қызды ерітіп,
Төре мен Егіз, Сегізбай,
Ханбиі бала, көп әскер
Кайтады кейін еліне,
Тұып-өскен жеріне,
Темірхандай әкенің
Берекелі теріне.
Бірге туған бауырлар
Достасып қол берген жер,
Ұмыт болып өткен күн
Шын достыққа енген жер,

Бір жарым ай жол жүріп,
Сәуленің сәнді ордасын
Көз үшінан көрген жер.
Тұып-өскен мекенге
Соныменен тыңдаушым
Ерлік пенен ізгілік
Зұлымдықты жеңген жер.



ХОХО
ақжонас
ұлы
ер Ненес





Ж

ырық таңбалы Қырымда, он екі жарым Үрімде,
он екі жарым хан өткен. Сол хандардың біреуі Ақжонас болған.
Өзінің жасы жетпісте, әйелінің жасы елуде еді.

Өзінің баласы жоқ еді, бірақ Ақжонас оны ойға алмаған.
Бір күндері катыны кеңес күрып былай деді:

Жас болса жетті,
Үлкендік те мендетті,
Бір перзент бермей бұл күнде
Құдайдың өзі шөлдettі.
Алпыс деген алыс па?
Ер өледі намысқа,
Құдайдан бала тілелік.

Сонда Ақжонасқа ой түсті, ой түсіп мұнайды, сонан соң
бәйбішесі, мұның қалай? — деп Жонастан сұрайды.

— Мен ертең қазы, ғұлама, билерімді жинайын, сосын мұ-
ның қалай екенін сұрайын,— деп ойлады, Ақжонас ертеңгісін
әкімдерді шақыртып алып сұрады:

Қазы, мұфті сіз,— деді,
Перзентсіз болдық біз,— деді,
Жас жетпіске толғаны,
Үлкендіктің мысалы,

Жұз алпыс екі тамырдын
Бәрі бірдей солғаны.
Елуде еді алғаным,
Бір перзенттің зарпынан
Күшті болды арманым.
Сонда қазы, мұфти қамалды,
Патшасы бұлай айтқан соң
Таба алмады амалды.

Аралхан дейтін бір зор қази бар еді, сол қолындағы кітабын сурып алып, Ақжонасқа бұлай деді:

Түйе тілесен сұлтаным,
Ойсыл қара пірі бар.
Одан барып тілеңіз,
Кой тілесен Шопан бар,
Мұнан барып тілеңіз,
Басына барып түнеңіз.
Тілесен сиыр, сұлтаным,
Зенгі баба пірлер бар,
Соған барып тілеңіз,
Басына барып түнеңіз.
Бас тілесен, сұлтаным,
Шаһимардан оған бар,
Алланың шері Арыслан,
Арыслан деп ат қойған
Соған барып түнеңіз,
Содан перзент тілеңіз,
Мырзалақты тілесен
Садуақас, оған бар,
Оған барып түнеңіз,
Одан мырзалақ тілеңіз,— деді.

Ақжонас Аралхан қазының бұл сезін макұл көріп, қасына
Аралханды және бір-ер жігітті алып әулие-энбиелерден перзент
тілемек болып жүргуге айналды.



Сонда Ақжонастын әйелі Арубибі мен дे жүрейін деп сөйледі.

Сөйлегенде бүйдеді:

— Айналайын, алғаным,
Дүниенің білдім жалғанын,
Сен кеткен соң даға
Мендей сорлы бейшара
Іші жанып өртенип,
Тұра ала ма қалаға?!
Шырын шекер бал татқан,
Тар төсекте бір жатқан,
Егер кетсөң даға,
Кім бас болар қалаға?
Айналайын, алғаным,
Дүниенің білдім жалғанын,
Осы жерде отырып,
Жақсы емес пе мұнан да
Бір аруды алғаның?

Сонда Ақжонас сөйлейді:

— Эуре болма жарқыным,
Сексен күнде келермін,
Кайта айналып мен деді,
Отыра бер орданда,
Кайғы етпе сен! — деді.
Сол сөзді айтып Ақжонас
Батыр туған еріңіз
Кетуге атты жөндеді.

Ушеуі дүйсенбі күні жол шегіп шыкты.

Өтті шаттан аяңдалап
Отыра алмады баяулап,
Екеуінің мінгені
Белгілі қату көк еді,
Жануардың шабысы

Таусылмастай көп еді,
Жонас мінген Актанау
Ауыздықпен алысып,
Аспанға қарғып келеді,
Бекен, бекен желеді,
Шаңкай түсте жөнеді,
Ар жағында тар қолтық
Одан өтіп келеді.
Бірнеше күн болғанда,
Күн намазшамға толғанда,
Оның арты Құбатау,
Соған барып енеді.
Астындағы Ақтанау
Қайраты оның таусылмай
Әлі дәңгеленіп келеді.
Арғы жағын сұрасаң
Амудария су еді,
Жағасы қалың ну еді,
Сол нуды келді жағалап.
Қырық күндей жол жүрді,
Аз ғана емес мол жүрді,
Аты арып, тон тозып,
Сонда жеткен секілді.
Әзірет Әлі жатқан жерлерге,
Мекендеген елдерге.
Жақын қалды моласы,
Моланың көрді қарасын
Ақжонас та ер еді,
Астындағы тұлпардан
Түсе қалып ханыңыз
Жолдасқа атты береді.
Етігін салып иыққа
Жаяулатып жөнеді.
Желген атқа ол батыр
Бір перзенттің зарпынан,
Жүгірумен ереді.

Моласының басына
Келді батыр қасына,
Табытын онын құшақтап,
Хан да болса жылады
Көзінен жасы бұршактап.
Ақжонас сонда сөйледі:
— Асыл туған Арыслан,
Бір перзентке зар болып,
Басыңа келіп түнедім,
Жатып перзент тіледім.
Тілегінді бере көр,
Көздің жасын көрекөр.
Тілекті егер бермесен,
Жіберме мені алып қал,
Тар шұңқырға мені сал.

Бір кезде Ақжонастың көзі ілініп кеткен екен. Арыслан келіп: «Ақжонас, енді тілегінді бердім, аулыңа қайт, үлкен кеспен шығып едің, әйеліңнен ұл туар, атын Кенес қой!» — дәп өзі ғайып болды. Ақжонас басын көтеріп алып, серіктеріне тұрыныз деді. Қырық қадам шыққанша атқа мінбеді, қырық қадам жерге шыққан соң атқа мінеді.

Шылбырдан ұстап алады,
Үзенгіге аяқ салады,
Ушеуі де сол жерден
Атқа мініп қалады,
Атқа мініп жол жүрді,
Қисабы жок мол журді,
Баяғы кеткен ізімен
Отыз күнде барады.
Бір мезгілдер болғанда,
Ауылдың көрді қарасын
Көрініп қалды шамасы.

Сонда Арубибі алдынан шығып Жонасқа келіп сөйлей бастады.

Арбібің жасы төгіліп,
Арубибі бәйбіше
Келді жылап еріне,
Жылай тұрып жырлады:
— Сау саламат қайтың ба?
Арызынды сіз барып,
Арысланға айттың ба?
Алла тілек берді ме?
Көзің жасын көрді ме?
Сонда Акжонас сейледі:
— Қабыл болып тілегім,
Кірді жана іренім,
Жарылып түр, алғаным,
Бұ дуниеде жүрегім.
Берермін деді бір перзент,
Кенесіп көрген перзенттің
Атын Кенес кой деді.
Осынан үйге барған соң
Қыларсын жақсы той деді.
Жетпіс күнге толады,
Катын жерік болады,
Койдан қошқар сойдырды,
Жерігі оған канбады,
Сиырдан бұқа сойдырды,
Жерігі бұған канбады,
Жылқыдан сойды айғырды,
Тағы жерігі канбады.
Түйеден бура сойдырды
Жерігі оған канбады.

Сонда Арал казыны шакыртып алады. Акжонас айтты:
«Мынау эйелдің жерігі канбады, бұған не амал етемін», — деді.
«Бұрынғы уақытта осындай жерігі канбаған кісіге айдаңардың,
не сары үйектің¹ басын жесе қанатын еді» — деді. Сонда хан

¹ Сары үйек — жылан.

бүйірдьы: «Кайдан да болса осыған жеті сары үйек алып келіңдер», — деді. Баяғыдан тілекtes болып жүрген Сұлтанәлі батыр сол сары үйекке кетті.

Таудан барып батырың,
Сары үйекті жеті алады,
Суырып тілін алған соң —
Дорбаға оны салады.

Үйге келген соң үйдегі жандарлы шығарып жіберіп, сары үйекті дорбадан алып, көптің алдына шашады.

Манайдағы катындар
Жыланды көріп қашады.
Былайғы катын қашса да
Арубибі қашпады,
Екі көзін қалады,
Жыланды алып келгені
Ол аруға жарады.
Арубибі арудың
Жыланды берді асына-ай.
Шиқі тұрған жыланың
Аузына салды басын-ай,
Шайнамай тұрып жұтады
Жерігі сонда қанады,
Жеті жыланның бар басын
Шайнамай жұтып алады.
Тоғыз ай он күн толғанда,
Тан атар шак болғанда
Арубибі толғатты,
Адалбакан құрдырды,
Ноғайлының кемпірін
Катарына жидырды.
Отыз кемпір болады,
Кемпірге үйі толады.

Ақжонас үйге тұрмады, үйден ұзап та кетпеді. Есітер ме екем деп жүрді даусын шырылдаған баланың.

Он күнге дейін Арал қазының қатыны сол Арубибінің қасында отырды. Бала шырылдан жерге түскенде Ақтанау тұлпардан Ақжонас та жерге құлап түсті. Аз ғана жатып басын көтергенде ол баланы баурына басты, сол баланы баурына басуы мен Ақжонастың қасына барып Ақбибі сұлу сөйлемі:

— Халық ұстайған ханымыз,
Артық туған жанымыз,
Қөтер сұлтан басынды,
Перзентің келді қасына.

Сонда баланы көрсетпей тұр екен.

Рас па деп сөзіңіз,
Әкелдің бе? — деді өзіңіз,

Бауырда басулы жатқан баланы: «мінеки деді баланыз. Өз көзінізben қараңыз» — деді. Сонда хан баланы ұстайын деп жүріп еді, қатын баланы бермей кейін шегінді.

— Бермейсін неге сен — деді,
Еремін бе мен — деді,
Сонда қатын сөйлейді:
— Берменім мен — деді
Бекісін деп ойлаймын,
Ханымыз сенің буының,
Бергеннен сон баланы
Ақжонастай ханыңыз,
Баланы алды құшақтап,
Омырауын ашады,
Баурына басады,
Ақжонастың еті тиді етіне,
Осының бала екені рас па деп,

Бетін сонда ашады.
Үйге алып келеді,
Келген отыз кемпірге
Ізі жолың құтты деп,
Бір жаулық, бір қойдан береді.
«Жасын ұзақ болсын» — деп,
Кемпірлер берді батасын.
Той қылам деп Ақжонас
Ноғайға салды хабарды,
Ноғайды жинап алады,
Атағын оның білдіріп,
Ортаға оны саларға
Кеңес жерге түскен сон,
Билер мырза begileri
Бәрі тойға жиналды
Артық туған ерлері.
Уш күн ұдай той қылып,
Тоғыз күн ұдай ойын қылып,
Балуан тұрды күресіп,
Ат шаптырып, той қылып,
Алтын қабақ аттырды,
Қызыққа сүйтіп баттырды.

Бала төртке толады,
Недәуір жігіт болады,
Сақа топай қолға алып,
Балаға таман барады.
Қарағым жігіт болды деп,
Анасы сырттан қарады.
Баланың жасы бес толды,
Шешесіне недәуір
Бала жақсы ес болды.
Алтыға жасы жетеді,
Үйге келмей баламен
Ойнаймын деп кетеді.
Ойнады бала асықты,

Асық ойнап машиқты.
Тартып алды балалар
Сака топай асыкты.
Бестен жасы өткен сон,
Алтыға жасы жеткен сон,
Артық туған ер Кеңес
Баламен салды төбелес.
Балалар біткен камайды,
Атадан жалғыз ку бас,— деп,
Балалар оны сабайды.

Үйіне келіп Кеңес анасына сөйлейді:

— Айналайын анамыз,
Желді күні панамыз,
Жок па еді іні, ағамыз?
Атадан жалғыз болдық па?
Есіркейтін бенде жок,
Жаны ашитын елде жок,
Аяйтұғын бенде жок.
Сонда кемпір сөйлейді,
Сөйлегенде бүйдейді:
— Айналайын шырағым,
Үстаған колға пырағым.
Атан еді Ақжонас
Ежелден о да жалғыз бас
Аға менен іні жок,
Ерліктен басқа міні жок,
Айтушы еді билікті,
Ақылы көп мол еді.
Ақылмен жанды билеген,
Ақылы аскан сол еді.
Астана халықты менгерді,
Азын көпке тенгерді,
Атан сондай ер деді.
Жас басыннан жабықла,

Ел билерсін сен деді.
Енді барма балаға,
Қаңғырма құр да лаға.
Асыл туған ер деді,
Атаңның бар да қасына,
Жүре берші сен деді,
Кемпір сүйтіп сөйледі.

Кеңес еш нәрсе айтпады, тек былай деп ой ойлады.

«Үйде тұрып не етем? — деп,
Енді ерлік етем — деп,
Кеңес бала ойлады:
Ер белгісін етем,— деп,
Басқа жаққа кетем,— деп.
Шығып Кеңес қарады,
Ақтанауға барады,
Алтынды тұрман, ер жүген
Атқа тегіс салады.
Айыл тұрман бек тартып,
Құйысқаның қысқартып,
Жақсылап бекітіп алады.
Шығарып атты алған сон
Үйге таман барады,
Ақжонас киғен ақ сауыт,
Үстіне киіп алады.
Басына киді дұлыға,
Үйде тұрған сұр жебе,
Оны қолға алады.
Керегеде ақ берен,
Мұны да белге шалады.
Жайыменен қозғалып,
Ақтанауға барады,
Бара мініп алады.
Әкесі мен шешесі
Жүдә білмей қалады.

Үй сыртында ақ сұңғі,
Кайта оған барады,
Суырып қолға алады.
Есікке жақын барады,
Шешесі біліп қалады.
Шыға келді шешесі,
Ешқайсынан кем емес,
Ер Кенестің мүшесі.
Анасы кіріп сөйледі,
Көзінің жасы төгіліп,
Жылай келді егіліп:
— Сұңқарым енді қонар ма?
Кұба арлан жортар сонарға,
Жалғызым кетсөн сен деді,
Кіріп болдым мен деді,
Артында қалды атаныз,
Жылап қалды анатыз,
Анатызға қараңыз.
Сәби туған баласың,
Жасбасынан жау іздеп,
Жапанда жалғыз қаласын,
Шырағым, қайда барасын?
Жолдассыз туған дарасын,
Адам тастап кете ме,
Өзінің ата-анасын?
Кімдер алып кетпейді
Атаңын түрған қаласын?
Жас сексенге толғасын
Білемісін атаңың,
Кандай қайрат шамасын?
Сексенге жетіп мендеген,
Тек жаны бар әкеннің,
Бұ жалғанда өлмеген.
Жас сексенге келгенше,
Бір перзентті көре алмай,
Әкең еді шөлдеген.

Зарғып көрген баласы,
Ата менен ананды
Тастап қайда барасың?
Алтыға жасың толғанда,
Жауға барсаң болмай ма?
Өзің жігіт болғанда.
Алтыға келген жасында,
Жолдасың жоқ қасында,
Қандай жерге барасын?
Қандай жауды аласын?
Сонда Кеңес сөйледі,
Сөйлегендे бүй деді:
— Берсе тәңрі тілекti,
Барапымды сұрасан,
Қалмақтың ханы Қара-ды,
Қайғы етпеніз, аنا жан,
Балаң соған барады.
Құр қайғыдан пайда жоқ,
Тілімді алсаң жылама,
Астымдағы Ақтанау
Ол шабыстан тана ма?
Атқа мініп алған соң
Бармай жауға, аنا жан,
Балаң енді қала ма?
Сонда кемпір қарады:
— Шырағым, емші маманыз,
Сағынып көрген баламыз,
Не шара бар құдайға
Жылауменен қаламыз.

Сонда Ақжонас үйден шыға келіп, баласына бір сөз
сөйледі:

— Айналайын жан балам,
Ақжонас жаяу қалды деп,
Қалмақтар қалар қуанып,
Мен қалдым ғой қуарып.

Калмак келер қалаға,
Мен қалдым той бәлеге.
Тілімді алсан перзентім,
Кетпегейсін далаға.
Мекендең тұрсан болмай ма,
Осы тұрған қалаға?
Енді балам мен өлдім,
Астыма мінер атым жок,
Колыма алар қару жок,
Мен өлгенге тәцелдім.
Енді мені өлді де,
Арсалан болсын панаңыз,
Не қылса да әкенде
Енді қылар шама жоқ!
Кала берді Ақжонас,
Кенестейін балаға,
«Қош аман бол!» — деді де.
Кетті бала далаға,
Ақтанаудай тұлпармен
Кенес бала келеді,
Табандатып желеді,
Сексен күндік жол еді,
Он бес күндігі шөл еді,
Сол сексен күндік жерлерге,
Зар желуімен отырып,
Жетермін қырық күнде деп еді.

Сонда қалмактың қызы Қарлығаш жатып тұс көреді, келіп әкесі Қараға сөйлей берді. Қара деген қалмактың қарғысы қатты жан еді, қарғағаны өлмей қалмайтын еді. Егер әскер мен шабуға қол келсе, теріс қарап жатып қарғаушы еді. Оның қарғысынан жан қалмаушы еді. Оның қарғысы атқан оқтан бетер еді. Қарғысынан қырылған кісінін сүйегі бір тау болып тұруши еді. Сонда Қарлығаштың айтқан сөзі:

— Эке, келдім мен дейді,
Жатырмысын саламат?

Басыңды көтер, әкежан,
Мен сізден тұған балапан
Көрейін жүзін мен деді!

Кара қалмақ есін біліп етегін жинағанша баласы әкесін, әкесі баласын көрмеген екен.

— Перзентім, бері кел,— деді,
Бұрын соңды көрмедім,
Көрейінші енді мен сені!

Сонда Қарлығаш келіп әкесіне сөз сөйлей бастайды:

— Асылы артық данамыз,
Ақылы асқан бабамыз,
Ата көрдім тұс деді,
Аспаннан қара құс келді,
Қалаңа жақын қонарға.
Қалқың болып шулады,
Сол қара құс қонарда.
Шулаған халқың оңар ма?
Осы тұсім жаман тұс,
Келетін жау болар ма?
Келмей отыр іренім,
Тітіреп отыр жүргегім,
Егер қонса қалаға,
Дүшпан осы болар ма?
Осы тұстен корыктым,
Көруге келдім өзінді,
Жорышы, осы тұсімді,
Көтергін, әке, басыңды,
Отырдым, әке, касыңда,
Келген дүшпан бұл болып
Ала ма, әке, қаланды?
Жылатпасын баланды.
Жинашы, әке, елінді,
Бекіте берші белінді,

Тастамай, әке, жинаши,
Кайратты туған ерінді.
Жина қылыш, найзаны,
Тастама жауға айланды,
Жасашы айла сен,— деді,
Болдым айтып мен,— деді.
Сонда Қара сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Кайғы етпе, балам, сен деді,
Теріс қарап жатармын,
Карғыспенен атармын.
Ұрттап қанын татармын.
Егер келсе қалаға
Олжаға атын алармын.
Канша қатты болсада
Сүйегін отқа жағармын,
Үйіліп жатқан сүйекке
Оны да балам салармын.
Сүйтіп құлқын табармын.
Әлтіремін мен деді,
Кайғы етпе, қызым, сен деді,
Жиналып келсе көп әскер
Болады маған жем деді.
Карғасам өзі өледі,
Елді оған жимаймын,
Көз алдында өлімді
Өзі жақын көреді.
Жүре бер балам сен деді,
Корықпаймын мен деді.
Әскері көг болсада
Болмайды маған тең! — деді.
Карадай калмак ханыныз
Кызына солай сөйледі.

Кызы тұрып кетті. Тан мезгілі болғанда қыз тағы әкесіне
келеді, келе сейлей береді:

— Қөтер басың, әке, сен деді,
Келдім әке мен деді,
Күн шығуға таянды,
Келуі жаудын аян-ды.
Күн астына қарасам,
Құйындағы жалғыз шаң көрдім,
Шаң астына қарасам,
Қыбырлаған жан көрдім.
Астында мінген Қара ат бар,
Белінде буған болат бар,
Табандатып желеді,
Төрт аяқтан шыққан шаң
Төрт торапқа кетеді.
Желгеніне сол аттың,
Жер солқылдан келеді.
Жақындағы қарасы,
Секілді, дұшпан, шамасы.
Қөтер, әке, басынды,
Жылап тұрмын қасында,
Көрсөнші, міне, әкежан,
Көзімнен аққан жасымды.
Тұрсаңшы, әке, сен деді,
Келе жатқан дұшпан-ды,
Әке, тұр да, көр! — деді.
Сонда Қара сөйледі:
«Теріс қарап жатайын,
Карғыспенен атайын».
Бұл кезде Кенес батырың,
Жетіп келді тебініп,
Жалмауыздай емініп,
Карлығаш тұрды есікке
Кіргізбен деп керіліп.
Түсе қалып ер Кенес,
Корамсаны қолға алды,
Атайын деп оқдалды.
Сонда Карлығаш сөйледі:

— Асылын артық ер деді,
Тілегім бар, сұлтаным,
Тілегімді бер деді.
Көзімнің жасын көр деді,
Жалынса жақсы кешеді,
Жаныса болат кеседі.
Сонда Кенес сөйледі:
Тарт қолынды сен деді,
Қырылып жатқан адамның
Сүйегін байқап көр деді.
Егер қолың тартпасан,
Атамын сені мен деді.
Сонда қолын қыз тартты,
Батыр тартты кол оқты,
Жұмсал қалды болатты,
Карадайын қалмаққа
Атқан оғы өтпелі,
Етіне тіпті жетпелі.

Ол ок атканда Кара тұрып, Қарлығаш, мені маса ма, сона
ма бірдене шакты, қақ деді.

Айтқан сөзін кара деп,
Алмасты батыр алады,
Жүгіріп барып алмаспен,
Мойынына салады,
Бөлініп басы қалады.
Ақтанауға мініп ап
Калаға ойын салады.
Қарадай ханды өлтіріп,
Қалмақты журді аралап,
Ішіндегі мықтысын
Өлтіре берді шамалап.

Қалмақтың елі көніп қалды, Қарлығаштай аруды ат көтіне
мінгестіріп өзі алды.

Ендігі хабарды Ақжонастар алышыз. Кенес кетіп қалған
соң қалмақтардан қорықкан Ноғай қашып тарады. Жалғыз үй

Ақжонас көшे алмай жүртта қалып қояды. Бағлан таз деген
бір қалмақ ежелден жатқан жау еді, Ақжонастың аңдып жүрген
жан еді. Сонда Бағлан таз мың кісімен Ақжонастың шабуға ат-
танады.

Күні-түні жол жүрді,
Есепсіз тазың мол жүрді,
Ноғай тарап кеткен соң
Ақжонастай ерініз
Отырды өзі қалуға.
Жау да таяу келеді
Ақжонастың елін алуға.
Жақындал елге келген соң
Бөлініп шығып кетеді,
Он кісі қалмақ баласы,
Бағлан таздай залымның
Айласын оның қарашы.

Сонда Бағлан таз жансыз есебінде сақал, шашына ақ кір-
ген бір шалды жібереді, Ақжонас үйінде бар ма екен, қалай
екен, шамасын біліп кел деп. Шал Ақжонастың үйіне кіріп келе-
ді, өзінің неге келген себебін білдірмей:

Шалың сонда мұңайды,
Отырып шалың жылайды,
Катыным өліп дүниеде
Жетім бала мен бактым.

Сонда Ақжонас басын көтеріп қатынына қарап, мынаған
ас бер деді. Нанды алып қалтасына салып, келген жұмысын
әбден байқап біліп алып, шал кейін қайтты. Сонда шал Бағлан
тазға келіп айтты: Ақжонас қаруызы отыр, аты да жоқ, бала да
жоқ деді.

Шал шығып кеткен соң Ақжонастың әйелі тұрып жанағы
кісі қалай кісі, бұл жерде ауыл жоқ еді ғой деді, сонда Ақжо-
нас: «Ой қанғырып жүрген шал-дағы, не бір қатыны өлген Но-
ғай шығар», — деді де, отыра берді. Сонда әйелі үйден жүгіре
шықты, Ақжонастың шақырды, анау шаң не зат? — деп бір сөз
айтты:

— Айналайын алғаным,
Үл мен елден айрылып,
Ен майданда қалғаның,
Қаруың жоқ, затың жоқ,
Астыңа мінер атың жоқ.
Осы келген жау болып,
Бізді шауып кетпесін,
Шошынып тұр жүрегім,
Кетіп тұр ау іренім,
Сен шамаң келсе аса көр,
Осы шаңдан тез кетіп,
Елге қарай қаша көр.
Тындамас менің сезімді,
Егер келсе жау болып,
Өлтірер сенің өзінді.
Сонда Ақжонас сейлейді
Сейлегенде бүйдейді:
— Ажалға болмас еш айла,
Ажалсыз жан қайда деп,
Жаяу қашсам жүгіріп,
Болмайды жанға пайда деп.

Сол уақытта жау қарасы көрініп қалды. Сонда тұрып қатыны жылай берді.

Тұра берді Ақжонас
Бізге өлім жетті деп,
Мен өлсем егер бұл жерден,
Сізге бейнет көпті деп.
Сол замандар болғанда,
Жау да жетті жақындал.

Сонда Бағлан таз алдымен келді. Келе тұрып Бағлан таз Ақжонасқа сен кім едің деп ақырды.

— Менің атым Ақжонас,
Қасымда тұр алғаным,

Ат жарактан айрылып,
Осы күн күшті арманым.
Жаяу тұрмын мен деді
Тірі болса ер Кенес
Төбенді сенің ояды,
Болдырады тойынды,
Қалмақ шіркін қамады,
Қатыны мен екеуін
Косактап алып сабады.
Қайыра қолын буады,
Ақжонастай батырға
Шынымен күн туады,
Еліне қарап ит кәпір
Сабап оны айдады,
Екі қолын байлады,
Талканады ордасын,
Кинап алды малдарын,
Жинады сүйтіп жандарын.
Қалмақ кетті еліне,
Өзінің айдал жеріне.
Құні-тұні жол жүрді
Бас-аяғын қарасам,
Елу күндік жер еді.
Аяққа салды кісенді,
Мойнына салып күндіні,¹
Томарға мықтап байлады.
Ақжонастай батырдың
Сүйтіп соры қайнады.
Қатынын салды сиырға,
Қатыны мен екеуін,
Куды сүйтіп қыырға.
Сиырды бакты далада,
Ерте кетіп, кеш келді
Өзі жүрген қалаға.

¹ Күнді — темір шынжыр.

Сонда Бағлан таз Ақжонастың жұртына келіп, мен жұртында жатайын, Кенес келсе сояйын, қанын үрттап тояйын, деп,
Бағлан таз жата береді.

Ендігі хабарды Кеңестен алыңыз.

Кенес батыр келеді
Ақтанаудай тұлпар мен
Мінгестіріп сұлуды,
Табандатып желеді.
Жетіп келсе жұртына
Қалмақ шауып алышты,
Есіз қалған елдерге
Талапайды салышты,
Тас-такыр болып жұрттары
Ақжонастың қалышты.
Карлығашты түсіріп,
Сонда жұртын қарады,
Ой-шұнқырды қоймады,
Бәріне тегіс барады,
Жер ошаққа барады,
Ошакта жатқан киізді
Көтеріп Кеңес алады.
Астында жатыр таз бала
Сол токымды жамылып,
Жатқан екен бишара,
Сонда Кенес сөйлемді:
— Сен не қылған бала деп,
Бері, бала, қара деп.

Бұл жердін елі қайда білесің бе? — деді. Сонда бала елін-
ді Бағлан таз деген қалмақ шауып кетті деді.

Әке менен шешенде
Екі қолын байлады,
Кірерге көрін сайлады.
Қосақтады екеуін,
Елу күндік жерлерге

Камшыменен ол ұрып,
Жауын сабап айдады.
Асылы туған әкенің
Аяғына салды кісенді,
Мойнына салды шынжырды,
Бір томарға байлаған,
Бекітіп оны сайлаған,
Биби сынды анаңың
Тезекпенен күні өтіп
Сүйтіп соры қайнаған.
Сиырды жүріп бақ деді,
Жоғалғанын тап деді,
Эйелінің алдында
Еңбектеп отын жак деді.
Тілінді егер алмаса,
Маңдайын оның кес деді,
Басынан қанын ағызып,
Төбесін оның тес,— деді.

Кенес қашан елді табамын? — деді, сонда таз,— мінгестіріп жүрсөң мен тауып беремін,— деді. Карлығашты сол жерге түсіріп тастайтын болды. Тастаған кезде Қарлығаш сөйлемді:

— Сіз кеткен соң келгенше,
Кімдер бар да кімдер жоқ.
Екінші сізді көргенше
Тапсырдым акка мен деді,
Оң қолынды бер деді,
Қолдасалық кел деді,
Кенес қолын ұсынды,
Карлығаш ұстап қолынан
Бауырына қысады.
Қолдасты да Қарлығаш,
Кенес ерден қалады.
Ақтанаудай аттарға
Мінгестіріп тазшаны
Кенес батыр алады.

Ақтанаудай тұлпармен,
Табандатып желеді,
Неше күндей желумен
Әлі жүріп келеді.
Сонда Ақтанау тұлпар сөйлейді:
— Асылы Кенес ер деді,
Тазшадайын жаманың
Бексемді алып барады
Түсіріп таста сен деді.
Түс деп еді тазшаға,
Түспеймін аттан мен деді,
Сүйдегенге болмады,
Екі аяғы атының
Карыс жерге енеді.
Тағы да айтты түс деді,
Түспеймін деп тазша тырысты,
Түсесін деп Ер Кенес
Тазшаға қатты үрысты.
Жағасынан алады,
Тазшаны жұлқып қалады,
Түсіріп тастап тазшаны,
Кенес батыр жәнеді.
Астындағы Ақтанау
Жаман тазша түскен соң
Арандай аузын ашады,
Аяғын топ-топ басады,
Ер Кенес пен тазшаның
Арасын лезде-ак ашады.

Сонда артынан түсіп қалған тазша айқайлады, сен бара бер, мен де барамын деді де, атының құйрығының қылын тұта-тып еді, сонда Бағлан тазға қос торы ат келді, біреуін мініп, біреуін жетелеп алдып, Кенестің қасынан, Бағлан тазың мен, дә-мен болса кел деп өте шыкты. Оған Кенес қысылмады, табан-датып желіп журе берді. Ер Кенес Бағлан таздың елінің сыр-тына келді. Калмақтың елінің сыртына келгенде бір дорбасы

мойнында, бір дорбасы қолында сиырдың жүрген сонында ана-сын көрді. Анасы жылай жүріп жырлап жүр екен, сондағы айт-қаны:

— Сағындым жалғыз перзентім,
Естілер ме екен дауысым,
Жапанда жүріп зарлаған?
Жалғызым менің ер Кенес
Дүшпанға кегім кетер деп,
Алты жаста арланған.
Атана нәлет ит қалмак
Сиырға салып қорлады,
Баяғы заман болар ма?
Сиыр бағып жүргенде
Біздей сорлы оңар ма?
Ұшып кеткен ак сұнқар,
Шақырсам қолға қонар ма?
Біз секілді бейшара
Мұнан қалып оңар ма?
Патша болған атаныз
Теректе тұр байланып,
Қалды сонда айналып,
Жалғызым деп көре алмай,
Пәнде болдым енді көр
Мандайымда болар ма
Арылмайтын мықты сор?

Сол сөзді айтқан соң Кенес шешесінің алдына келіп сөй-лей бастады:

— Балаң мендей болар ма?
Жоғары жүрген ак сұнқар,
Колыңа келіп қонар ма?
Ак сұнқар қонса колыңа,
Баяғыдай боларсын
Жақсылық келтір ойыңа,
Біздей болса балаңыз,
Қайғың болса, анажан,
Тагы да айтып қараныз.

Сонда шешесі айтты:

— Бағлан таздық катыны
Белгілі жаман залым-ай,
Кесе берме алдымы,
Тұрмын бала танымай,
Сонда Қенес сөйледі:
— Танымай ма екен баласын,
Атаңа нәлет қалмақтың
Мен салармын ол күйге,
Катыны мен баласын,
Көрермін сөйтіп шамасын.
Мениң анам сен деді,
Сенің балаң мен деді,
Көзінді ашып, анажан,
Шыныменен көр деді.
Мамамды менің емейін,
Мамамды ана бер деді.
Сонда кемпір сөйледі,
Сөйлегенде бүйдеді:
— Танымаймын өзінді,
Мегзетемін сөзінді.
Сонда Қенес сөйледі:
— Асыл туған анамыз,
Жастықта емген мамамыз,
Ақжонасың қай жакта,
Шешеке, біздің бабамыз?
Сонда кемпір қарады,
Аттан түсіп Ер Қенес,
Кемпірге таман барады.
Сонда кемпір сөйледі:
Жаулы жерде жарағым,
Аман-есен келдің бе?
Перзентім менің қарағым.
Тастай беріп дорба
Жетіп келді қасына-ай,
Құшақтады басын-ай,

Лақтырып жіберді,
Дорбаны қабымен,
Екеуі кетті шағымен.
Кемпірдің барды қасына-ай,
Көзінің тәкті жасын-ай,
Кемпір берді мамасын,
Таныды сонда баласын,
Баласын танып алған сон,
Қенес батыр сұрады
Ақжонастай бабасын.
Сонда кемпір толғады:
— Ақжонастай бабанын,
Аяғына салды кісенді,
Мойнына салып шынжырды,
Бір терекке байлаулы.
Ол күн батыс шетінде,
Ақжонас тамак татқан жок,
Атаңызда дәрмен жок,
Жүрегінде арман көп.
Қенес дейін ер еді,
Жүре бер деп анасын,
Атасына жөнеді,
Сонда Ер Қенес келеді.
Ақтанаудай атынан,
Келе түсे қалады,
Атасының Ер Қенес
Келіп қолын алады.
Қолын алып жатқанда,
Мың кісідей әскермен
Бағлан таз келіп қалады.
Босатуға шама жок,
Жалғыз туған ер Қенес
Айқай жауға салады
Камап түрған әскермен
Соғысып батыр барады.
Жартысы жаудың өлген сөн,

Кырылғанын көрген соң
Қалғаны жаудың қашады.
Тұруына шама жоқ,
Айқай салып Ер Кенес
Албастыдай басады,
Тұра алмай қалмақ сасады.
Бағлан таз шапты қасқарып,
Қалатын ба еді Ер Кенес,
Жауға келді егескен,
Екі батыр майданда
Қайраттарын тенескен.
Карсы келіп қалысты,
Белдерінде алмас бар,
Жекпе-жекке шабысты.
Өтпеген соң қылышы,
Бола ма ердің тұрысы?
Жағаласып қалысты,
Жағасынан алысты,
Бір-екі күн жағалас
Ат үстінен салысты.
Одан шықтай еш нәрсе
Аттан түсे қалысты,
Екі күндей жағалас
Жаяу жүріп алысты.
Ақжонастың қатыны
Тұра алмады кідіріп,
Жонасқа сонда келеді
Сиырды тастап жүгіріп,
Келіп қатын толғады:
— Айналайын сұлтаным,
Астыңда жоқ тұлпарың,
Қолыңда жоқ беренің,
Атаңа нәлет қалмақтың
Мұнша жәбір бергенін!
Карағымды көрдің бе?
Келіп сәлем берді ме?

Көрдіңіз бе баланы?
Атаңа нәлет жау қалмак,
Бізді келіп қамады.

Сонда байлауда тұрып Ақжонас сөйледі:

— Бері келші сен деді,
Мынау менің етігім —
Колыңменен ал деді,
Етікке қолың сал деді,
Ұлтанының астында
Екі елі кездік бар —
Шығарып соны ал деді,
Катын қолды салады,
Етікті тартып алады,
Алып ішін қарады
Екі елі кездікті
Катын қолға алады.
Кездікті мынау салады,
Аяқтағы темірге,
Кісенді кесіп алады.

Ақжонастың қолындағы бұғауды, аяғындағы кісенді қатын кесіп таставды. Пышақпен қолындағы жөке арқанды да кес деді:

Ақжонас та ер еді,
Артындағы жөке арқан,
Қолындағы кездігі
Жалғыз тал қылдай көрmedі.
Босанғансоң қол, аяқ
Кездікті маған бер деді.
Кездікті алып қолына
Мойында түрған шынжырды
Оны да кесіп алады.
Босанып тегіс алған соң
Манағы бала қайда деп
Ер Кенеске жүгірді.

Шыға келсе төбеге
Жағаласты салулы.
Жағаласып жатқанда
Ақжонас келіп қалулы.

Тазшаның сырты алтын, іші бок-ты. Қару өтпейтін жері жок-ты — деп Ақжонас Тазшаны алмаспен жарып жібереді. Ақжонас төңірекке қарады, Тазшаның мінген қос торы ат, барып мініп алады.

Тазшадайын қалмақтың
Бар қаруын алады,
Аллалап ұран шақырып,
Қалмаққа ойын салады.
Бір жағынан Ер Кенес,
Үш күнде қоймай қалмақты
Бір жерге қуып жинаады.
Ақжонасқа Ер Кенес
Жәбір бергіш қалмақтың
Басын кесіп сыйлады.
Анасын ұрған қатынды
Жақсы қылыш қинады.
Кайырып қолын артына
Бір азының байлады,
Баяғы кеткен жұртына
Койдай сабап айдады.
Кегім қайтсын бұ деді.
Мен ілгері кетейін,
Жеріме таман жетейін
Деп Ақжонас ханыңыз
Бағлан таз мінген торы атпен
Шабуылды салады.
Он күнде жетіп барады.
Ақжонас жетіп келгенде
Карлығаштай аруың
Иіліп сәлем береді.
Сонда Ақжонас сөйлейді:
— Ай, жарқыным, сен деді,


Перімісің, жынбысын?
Адамбысын, шынбысын?
Танымадым мен деді.
Жапанда тұрған жанбысын?
Иіліп сәлем бергенін,
Сен енді мені кім дедін?
Сонда Карлығаш сөйлейді:
— Жасың ұлken данасын,
Ақылың артық бабасын,
Көргеннен соң жузіңіз
Кенестейін ерлердің
Деп тұрмын сізді бабасы.
Кенес ерді деп тұрмын
Сіздей ердін баласы.
Балаң алған балаңмын,
Атам Кара хан еді,
Мен де жалғыз бала едім,
Саламат, күлі барсыз ба,
Куатты, күлі бар ма екен?
Аманба еді анамыз?
Сау саламат барды ма
Іздеп сізді балаңыз?
Атасы тұрып сөйледі:
— Келді біздің баламыз,
Киналған сүйтіп бабаңыз,
Аман түгел алған соң
Талқандады қаласын,
Женгенин сон елдерін,
Сындырған соң белдерін,
Бағлан мінген қос торы ат
Оны да алып мінгізді.
Шауып алып елдерін,
Артқызды нарға тендерін,
Қасиret-қайғы көп көрген,
Атасы мен анасын,
Сағынған сүйтіп баласын,

Күшактатып сүйгізді.
Сүйтіп Кеңес қарағым,
Астыма торқа төсетіп,
Жылқыдан жорға мінгізді,
Езу тартып күлгізді.

Осы сөзді айтқанша,
Кеңес келіп қалады,
Жұртта қалған Қарлығаш,
Неше уақыт тарыққан,
Келе ме деп зарыққан,
Кеңес ерді көргенде
Куанғаннан талады.
Неше айлар сақтаған,
Келгенше дәм татпаған,
Жарын мұндаі көрген соң,
Оттай күйіп жанады,
Күшактап келіп алады.
Жан серігім жолдасым,
Тар жерде болған мұндаасым,
Басынды көтер келші деп,
Көзінің жасы тамады,
Қарлығаш көзін ашады,
Мауқын сүйтіп басады.
Ерлігін елге көрсетіп,
Мәртебесі асады.



Жанашы
Ұлы
Тұяқбай





11

оғайды билеген он бір би болады. Сол елге көп әскерімен Ындыс деген жау Ащағар сайның бойындағы Ноғайға келеді. Ноғайлының он бір биінің ұлкені Ормамбет билі шакырып алады, сонда Ормамбетке Ындыстар былайша жауп айтты:

— Дініме менің кір, деді,
Айтқанымды қыл, деді.
Айтқанымды қылмасан,
Біздің дінмен жүрмесен,
Елінді шауып аламын,
Ұшыратып бүлікке,
Талапайды саламын.

Сонда Ормамбет: «Мен сенің айтқаныңа көнбеймін, елімде он бір биім бар, содан хабар аламын, солар көн десе көнемін, көнбе десе көнбеймін», — деді. Қалмақтар сен көнбеймін деп айтасың деп, Ормамбет билі өлтіреді, он бір биді шақыруға адам жібереді. Сонда он бір би жолға шығуға атқа мінеді. Жолда олар Манашы мырзаның үйіне түседі. Билер отырғаннан кейін сөз бастап Манашыға былай дейді:

— Мына жауға баралық,
Осындай қызын кездерде,
Өшіруге жаудың оттарын,

Ерлік айла біз істеп,
Соған барып қаралық,— дейді.

Сонда Манаши жүрге айналады. Шешесі тұрып ой ойлады, бұлар өздері елдің басшысы, бір бәлеке ұшыратар деп Манашиның анасы ере жүрді.

Баратының сұрасаң,
Ащағар сайдың басы еді,
Жабағы судың қасы еді,
Баратын жерің осы еді.

Он бір би соған барып тұсті. Сонда кәпір залым қамады, ойлап ақыл табады. Сонда Манашиның қасындағы он бір би шеткері шығып кеңес құрды. Сол кеңесте олар Манашины міндетке беріп, кетуге үйғарды.

Міндетке бергенде үш күнде келеміз делік, уш күнде келмей, көшіп кетелік,— деді. Олар Манашины Ындысқа міндетке береді.

Сонда Манашиның басына қайғы түсіп айтқаны:

— Атаңа нәлет ит кәпір,
Ұстама мені сен, деді,
Мынау тұрған он бір би,
Келмейді саған бұл,— деді.
Атаңа нәлет он бір би,
Келмей енді қашады,
Осы айтқаным шын, деді.

Ындыс анау он бір би келемін деп сендіріп, колынан адам берген сон, Манашины алып қалатын болды.

Сонда Манаши шешесіне сөйлемді:

— Айналайын анамыз,
Мен едім жалғыз балаңыз,

Жал қүйрықты кесіп ап,
Құдай жалғыз қылған сон,
Неге келсін шамаңыз?
Есіз қалды-ау, шешеке,
Жинаған дәулет қарамыз.
Тым болмаса болмады-ау,
Иесі болып қалатын,
Бір сәби де баламыз.

Уш жасар қалды қыз бала,
Алған жарым бұл қалды,
Еңсесі биік ак орда
Адыра болып тұл қалды.
Бастан бақыт құсы ұшып,
Ол құс қайта қонар ма?
Қонғанменен, шешеке,
Бұл жалғанда онар ма?
Асыл туған, анажан,
Бұл дүниеден мен кеттім,
Ант ұрып кеткір он бір би,
Сүйегімді жасытып,
Осы жолы мендегі.

Ақ сүтінді кеш деді,
Сол жауапты айтқанда
Кемпір тұрып егілді,
Көзінің жасы төгілді.
Жалғызы өлімге кеткен сон,
Көкірегін басып шер,
Қабыргасы сөгілді.
Сонда кемпір сейлейді:

— Айналайын жалғызым,
Жапанда тұрған байтерек,
Бір күні қурап солғаны.
Жалғызым сенің далада,
Отың жанған күл болып,
Атаңа нәлет он бір би
Ұшырды ма далаға.

Мен айналып болайын
Жалғызым сенен садаға.
Колыңнан қазып көмбедің,
Өлгенімді көрмедің.
Сорлы болған мен бе едім?
Аманатын алланың,
Көз алдыңда бермедім.

Баласының қасына барайын деп еді, қалмақтар итермелеп барғызбады. Манаши мен анасы қалмақтың қолында қала берді.

Он бір би бұрын сол жерден өткенде түсетін еді, бұл жолы Манашиның аулының тұсынан түспей өтер болды. Сонда қыз жүгіріп барып қапталдай сөйлейді:

— Қапталдап айқай салады,
Ай, он бір би, он бір би,
Ағам менен шешемнен
Хабар берші сен, деді.
Айтайыншы жеңгеме
Хабар етіп мен, деді.
Он бір биге бұл қарап,
Қызың сүйтіп сөйлемді.

Сонда он бір би қарамай, ағаң менен шешен қеледі деп, өтіп жүре береді, бала қайғырып үйіне келеді. Сонда бала жеңгесіне келіп сөйлемді:

— Айналайын жеңеше,
Ол кісінің ішінде
Аға менен шешем жоқ,
Бұрын үйге келгенде
Таласуши еді он бір би
Мені алдыма алам деп,
Он бір бидей залымның
Болған ісі өзгеше,
Тұр, киімді ки, деді,

Көкемнің мінген көк тұлпар
Шығарып алдып сарайдан
Астыңа оны мін, деді.
Көкем менен шешемді,
Он бір би тастап кеткен-ді,
Соны барып біл, деді.
Ноғайлы шіркін сасқан-ды,
Төбеге шықсан қөресін
Босқан елдің қарасын.

Манашида қалған көк тұлпарды ерттеп алдып, Манашиның бар қару-жарағын асынып босқан Ноғайдың артынан төбеге шығып қараса, Ноғайдың барлығы жапыра көшіп жатыр екен, әйел қайтерін білмей үйге келді. Сонда кішкене қыз сез сөйлемді:

— Женеше, біз Ноғаймен қатар көшпелік, Ноғайдан қалып артын ала көшелік, егер бірге көшсек Ноғай бізге су бермес деді.

Сол уақыт болғанда,
Малды қуып жинады,
Көш қарасын көреді,
Көшке жүдә санаспай
Кештің бөліп қарасын
Бөліне көшіп келеді.
Көшіп қашқан көп Ноғай,
Отыз күндей босады,
Малды сүйтіп қинауды,
Сарыойық деген көлдерге,
Сондай шүйгін жерлерге,
Көшіп келіп көп Ноғай,
Сол жерлерге қонауды.
Манашиның ауылы
Кейін шетте қалады.
Ноғайға кіріп қоналмай,
Бұрынғыдай бола алмай,
Манашиның катыны
Буаз еді сол күнде,

Айы күні толады.
Адал-бақан құрдыры,
Сол ноғайдың елінен,
Бес-он кемпір жидырды.
Толғатумен сол қатын,
Уш күн үдай ол тұрды,
Сонан соң барып үл туды.
Батырдан қалған тұяқ,— деп.
Тұяқбай атын қойдыры.

Ендігі сөзді Манашиның шешесі Құйкеннен есітініз. Уш күні біткен соң, Манашиға келген адам болмағансын Үндистар Манашины өлтіреді. Сонда Манашиның басында отырып, кемпір жылап сөз айтады:

— Айналайын жалғызым,
Су түбіне шым батты.
Көрсеткенің, құдай-ай,
Осы ма еді жалғанда?
Жалғызымнан айырылып
Сынды менің қанатым,
Қос қанатым қайырылып
Отырып менің қалғаным.
Айналайын, құдай-ай,
Жалғызымнан айырып
Басыма мұнды салғаның.
Бүйтіп қорлық бергенше,
Емес пе жақсы алғаның?! — деп,

кемпір мұңайып отырып, ен далаға қаңғырып кетті.

Бір жерлерге келгенде,
Ара тәбе шың көрді,
Сол шыңдарға шығады,
Шың екенін көреді,
Солай қарап жол жүрді.

Сол жүргеннен қаңғырып,
Аз ғана емес, мол жүрді.

Бір жерлерге келіп отырып, сонда кемпір тағы да мұңайып сөйледі:

— Айналайын, жан алла,
Кереметің бар, алла,
Манашымдай жалғызым
Келмеске ёнді ол кетті.
Қараңғы көрге ол жетті.
Бір бұтандың түбінде
Мені құдай сөйледті.
Бір мезгілде күн батты,
Ай қараңғы, күн бұлт,
Кемпір тағы жүреді.
Кемпіріңің көзінен
Қанды жасы бұл акты.
Жүргегі шыңың басы еді,
Сөйтіп келе жатқанда,
Ылдилау жерді бұл басты.
Көзінің нұры тамғаны,
Қәрілік жетіп қалғаны,
Сонда кемпір ұшады,
Сол ұшумен ол барып
Бір жартасты құшады.
Сонда жаны кетеді,
Баласының артынан
Бұда көрге жетеді.

Сол кемпірдің ұшқан жері бұрын Аратөбе шың еді. Содан кейін Құйкен деп аталады.

Онсан байтақ болған жер,
Ормамбет бидің өлген жер,
Құйкен сырты Манаши,

Манашы соның баласы,
Баласымен екеуі
Он бір бидей залымның
Айласымен бұлардың,
Каза тапты қараши.

Ендігі сөзді Тұяқбайдан естіңіз:

Тұяқбайдай баланың
Беске жасы толады,
Шешесіне ес болып,
Недәуір жігіт болады.
Балалармен ойнайды,
Ойнап жүріп ол бала
Кеудеге ақыл ойлайды.

Тұяқбай үйге келіп анасына сөйлей бастайды:

— Ақ сұт берген анамыз,
Балалармен ойнауга,
Бізде, шеше, барамыз,
Екеуден жұрт жұреді,
Екеуден жұрт жұргенде
Бізде жалғыз барамыз,
Інімен жоқ ағамыз?
Шеше біздे жоқ па еді
Әлдилеп сүйген бабамыз?
Шешесі қатты мұнайды,
Алғанынан айрылған,
Есіне түсті бейшара,
Төгіліп көзден жастары.
Шешесі жылап тұрған соң
Апасы сонда сөйледі:
— Айналайын сұңқарым,
Атаң еді Манашы,
Артынан сені көрген соң

Асылдан қалған тұяқ,— деп
Тұяқбай атын қойдырған.
Манашыдай мырзаның,
Сен едің жалғыз баласы.
Асыраған әлпештеп
Күйкен еді анасы,
Атаңа нәлет он бір би,
Ертіп кетті қасына
Ащағар сайдың түсіпті
Ыңдыс келіп басына.
Он бір бидің басы еді,
Ормамбетті шақыртып,
Алды кәпір қасына.
Қалмақ сонда сөйлеген,
Біздің дінге көн деген;
Біздің дінге көнбесең
Өлтіремін мен деген.
Ормамбеттей биіңіз,
— Елімде бар он бір би,
Сол көн десе көнемін,
Көнбе десе көнбеймін деп,
Сүйтіп биің сөйлеген.

Сонда сен көнбейсін деп Ормамбетті өлтіріп, еліндегі он
бір биін шақыртқан, он бір би не істерін білмей, біздің үйге
келді:

Келгеннен соң он бір би,
Қекемді менің азғырды,
Баралық жауға біз деді,
Біздерге басшы сен деді.
Атаңа нәлет он бір би
Қекеме сүйтіп сөйледі.
Қекем атты ерледі
Ерлеп жүріп терледі,
Жалғызы кетер болған соң

Шешемде сонда жұруге
Баласына еруге
Барайыншы мен деді.
Манашыдай көкемді
Залым туған он бір би —
Міндетке беріп сол жерде,
Көкемді менің тастаған.
Келіп қайта елдерге,
Мекендерген жерлерге,
Сонда елді көшірді.
Шешем менен ағаның
Атаңа нәлет он бір би,
Сүйтіп үнін өшірді.
Шешем еді ол Құйкен,
Итке-кұсқа жем болып,
Далада қалды сүйегі,
Әкең еді Манашы,
Уш куні оның біткен соң
Кескілеп Үндys өлтірген,
Осы сезіді есітіл,
Сегіз жасар Тұяқбай
Жүрегі сүйтіп күйеді.

Тұяқбай үнде мей тұрып кетеді, апасы мен шешесі үйқыға
кеткен соң, шешесінің пышағын ұрлап алады.

Етіне шекпен киеді,
Колына алып пышағын,
Сарыойықты жағалап,
Он бір билі іздеуге
Тұяқбай сонда жөнеді.
Кыдырып жүрді шамалап,
Ноғайларды аралап,
Бес күн жүрді жағалап,
Билерді көрді шамалап,

Танып әбден алуға
Билерді жүрді сағалап.
Биді танып алады,
Бір мезгілдер болғанда,
Бір ауылға қонаққа,
Он бір биң барады.
Артынан жүрді Тұяқбай,
Сол билерді андуға.
Тұс мезгілі болғанда,
Ақсақалдар тарады.
Шетке тіккен отауда
Он бір би жатып қалады.
Билер үйықтап қалғанда
Тұяқбай үйге барады.
Үйге келіп Тұяқбай
Бидің бәрін жарады,
Биді қырып салады.
Бітіріп ісін Тұяқбай
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Елеусіз жүрген жас бала
Үйіне қарай тартады.
Ауылдың келді адамы,
Ол билерді көрмеге,
Қонағасын сыйлап бермеге.
Келген соң көрді қызықты,
Бұл секілді бұзықты,
Ағып жатқан қан көрді,
Қырылып жатқан жан көрді,
Үйі қаннан толады,
Қаса қызық болады.
Мұны көзі көрген соң
Ауылдағы көп адам
Есі кетіп талады.
Ауыл адамы тарады,
Қырылып билер қалды деп,
Шабуылды әр жерге

Адамдар сонда салады.
Билердің келді баласы,
Өліп билер қалған соң
Жиналды халық, карашы,
Бұл іс қайдан болды? — деп
Бірінен бірі сүрады,
Айласын оның таба алмай,
Қамалып Ноғай тұрады.

Ормамбеттің баласы Эли деген бар еді, сол он бір бидің тұсында ауылға келген адам бар ма, біреуін білмейсін бе? — деді. Біреу айтты: кім екенін білмедік, бір пақыр бала келіп отырды,— дейді. Манашидан бір бала туды деп еді, сол бала болмасын, соны ойлап караңыз,— деді. Тағы да ауылдың бір әйелі тұрып,— мен от жағып жүргенде жүгіріп бір бала кеткен еді,— деді.

Олар жаңағылай болып жатқанда Тұяқбай үйге барып пышакты тастай берді. Сонда Жұбай деген анасы сөйлей бастады:

— Айналайын, шешеке,
Көтерші бермен басынды.
Тұяқбайдай жас бала,
Алла жолын ондағай,
Болмағай енді маскара,
Кару-жарак сайлай көр;
Сарайда тұрған Қек тұлпар,
Шығарып сыртқа байлай көр;
Сүр жебе мен қылышты
Сандықтан оны ала көр!
Сонда алды қорамса,
Берендей белге байлады
Тұяқбайдай жас бала.
Ер қаруы бес қару
Оны да алды асынып,
Ұрысуға жаулармен
Тұрды сонда сайланып.

Бара атты ерледі,
Ерлеп жүріп терледі,
Алтын тұрман, ер жүген
Атқа тегіс салады.
Атадан қалған ақ сауыт
Үстіне киіп алады.
Айыл-тұрман бектартып,
Күйисқаның қыскартып,
Кек ала шұбар ту байлап,
Жолдың шықты басына
Бары малдың қасына.

Ендігі сөзді он бір бидің отыз баласынан естініз. Сол уақытта отыз бала — билер өлімін Тұяқбайдан көріп, кел Тұяқбайға баралық деп, ойлап кенес құрып, бұлар да қаруын асынып Тұяқбайды іздең жүрді. Сол отыздын басы Ормамбет бидің баласы Эли болды. Сонда атқа мініп келіп, Тұяқбай қайда деп ақыра бастады. Үйден апасы шыға келді. Сонда апасының берген жауабы:

— Анау жатқан мал деді,
Малдың қасы жал деді,
Жал басына бар деді,
Үстінде тұрған қарасаң
Кек ала туды байлаған,
Ер қаруы бес қару
Асынып оны сайлаған,
Дәмең болса бара бер,
Төбеде тұрған Тұяқбай,
Тұяқбайды барда көр.

Сонда

Отызы бірдей ақырып:
— Тұяқбай үйде қалмасын
Жасырып тұрма сен деді.